4. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с. ISBN 978-601-7131-92-0
5. Об утверждении типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц: Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 29 декабря 2008 года № 338 (в ред. от 31.03.2022 г. № 121) // Информационно-правовая система «Әділет». – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005700_ (дата обращения: 20.04.2025).
6. Бермус А.Г., Сериков В.В., Алтыникова Н.В. Содержание педагогического образования в современном мире: смыслы, проблемы, практики и перспективы развития // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Психология и педагогика. 2021. Т. 18. № 4. С. 667–691. <http://dx.doi.org/10.22363/2313-1683-2021-18-4-667-691>
7. Ерсарина А.К. Организация деятельности логопедического пункта: методические рекомендации – Алматы: ННПЦ КП, 2017г
8. Специальная программа коррекционно-развивающего обучения детей с нарушениями речи/ Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>]
9. Бочковская И. А. Психологическое сопровождение социальной адаптации детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях интеграции в образовательную среду // Ученые записки Российского государственного социального университета». – 2011. – Выпуск №7 (95).
10. Odom S. L. et al. Inclusion at the Preschool Level: An Ecological Systems Analysis // New Horizons for Learning. Vol. IV, No. 3. 1998. May/June

УДК 373.24

МРНТИ 14.23.09

DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.002

Булабаева С.Т.¹, Жаканбаева Б.Б.², Болатбек Л.Қ.³, Сейтқасым А.С.⁴

¹ п.ғ.м., аға оқытушы, bulabaevas@mail.ru

² п.ғ.м., аға оқытушы, zhakanbaeva@bk.ru

³ п.ғ.м. оқытушы, bolatbek.lyazzat@bk.ru

⁴ 6B01904-Арнайы педагогика мамандығының 2 курс студенті, ardaksaparbekovna6@gmail.com

^{1,3,4} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА АТА-АНАЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ерте жастағы балалардың дамуындағы ата-аналардың ақпараттық құзіреттілігінің маңыздылығы мен оны дамыту мүмкіндіктері қарастырылады. Ақпараттық құзіреттілік – ата-аналардың бала тәрбиесі мен дамуына қатысты сапалы әрі сенімді ақпаратты іздеп, талдап, тәжірибеде қолдана білу қабілеті. Ерте жастан бастап баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың ақпараттық құзіреттілігі жоғары болуы маңызды. Бала өмірінің алғашқы жылдары оның когнитивті, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы үшін аса маңызды кезең болғандықтан, ата-аналарға сенімді және ғылыми негізделген ақпаратты дұрыс тандап, оны тиімді пайдалану қабілеті қажет. Ақпараттық құзіреттілігі жоғары ата-аналар бала дамуының әртүрлі аспектілерін жақсы түсініп, дұрыс шешім қабылдай алады. Зерттеу барысында ата-аналардың ақпарат көздерін пайдалану деңгейі, ақпаратты талдау дағдылары және оны тәжірибеде қолдану ерекшеліктері талданады. Сонымен қатар, ата-аналардың ақпараттық құзіреттілігін арттыруға

ықпал ететін әдістер мен құралдар қарастырылады. Мақалада сауалнама нәтижелері негізінде ата-аналардың ақпараттық қажеттіліктері мен кездесетін қиындықтары анықталып, олардың құзіреттіліктерін дамытуға арналған ұсыныстар беріледі. Бұл зерттеу ата-аналарға ерте жастан бастап баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін сапалы ақпаратты тиімді пайдалануға көмектеседі.

Түйінді сөздер: ерте жас, онтогенез, ана-аналардың ақпараттық құзыреттіліктері, дамыту

Булабаева С.Т.¹, Жаканбаева Б.Б.², Болатбек Л.Қ.³, Сейтқасым А.С.⁴

¹ м.п.н., старший преподаватель, bulabaevas@mail.ru

² м.п.н., старший преподаватель, zhakanbaeva@bk.ru

³ м.п.н. преподаватель, bolatbek.lyazzat@bk.ru

⁴ 6B01904- Студент 2 курса по специальности Специальная педагогика,
ardaksaparbekovna6@gmail.com

^{1,3,4} Казахский национальный женский педагогический университет,

² КазНПУ имени Абая., г. Алматы, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ РОДИТЕЛЕЙ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ РАННЕГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В статье рассматривается значимость информационной компетентности родителей в развитии детей раннего возраста и возможности развития. Информационная компетентность-способность родителей искать, анализировать и применять на практике качественную и достоверную информацию, касающуюся воспитания и развития ребенка. Для обеспечения полноценного развития ребенка с раннего возраста важно, чтобы родители обладали высокими информационными компетентностями. Поскольку первые годы жизни ребенка являются критическим периодом для его когнитивного, социального и эмоционального развития, родителям необходимо правильно выбирать достоверную и научно обоснованную информацию и эффективно ее использовать. Родители с высокой информационной компетентностью могут лучше понимать различные аспекты развития ребенка и принимать правильные решения. В ходе исследования анализируется уровень использования родителями источников информации, навыки анализа информации и особенности ее применения на практике. Кроме того, рассматриваются методы и средства, способствующие повышению информационной компетентности родителей. В статье на основе результатов анкетирования выявляются информационные потребности и трудности, с которыми сталкиваются родители, даются рекомендации по развитию их компетенций. Это исследование помогает родителям эффективно использовать качественную информацию, которая способствует всестороннему развитию ребенка с раннего возраста.

Ключевые слова: ранний возраст, онтогенез, информационные компетенции родителей, развитие

Bulabaeva S.T. ¹, Zhakanbaeva B.B. ², Bolatbek L.K. ³, Seitkasym A.S. ⁴

¹ M.Ed., senior lecturer, bulabaevas@mail.ru

² M.Ed., senior lecturer, zhakanbaeva@bk.ru

³ M.Ed., lecturer, bolatbek.lyazzat@bk.ru

⁴ 6B01904- 2nd year student majoring in Special Education,
ardaksaparbekovna6@gmail.com

^{1, 3, 4} Kazakh National Women's Pedagogical University,

² Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

OPPORTUNITIES FOR DEVELOPING PARENTS' INFORMATION LITERACY IN WORKING WITH YOUNG CHILDREN

Abstract

The article examines the importance of parents' information competence in the development of young children and their development opportunities. Information competence is the ability of parents to seek, analyze and put into practice high-quality and reliable information related to the upbringing and development of a child. To ensure the full development of a child from an early age, it is important for parents to have high information competence. The first years of a child's life are a critical period for his cognitive, social and emotional development, it is important for parents to choose reliable and scientifically based information correctly and use it effectively. Parents with high information competence can better understand various aspects of a child's development and make the right decisions. The study analyzes the level of use of information sources by parents, information analysis skills and the specifics of its application in practice. In addition, methods and tools are considered that contribute to improving the information competence of parents. Based on the results of the survey, the article identifies the information needs and difficulties faced by parents, and provides recommendations for the development of their competencies. These studies help parents to effectively use high-quality information that contributes to the comprehensive development of the child from an early age.

Keywords: early age, ontogenesis, information competence of parents, development

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесі өткен кезеңдермен салыстырғанда елеулі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер өскелең ұрпақтың өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, әсіресе, балалардың психикасын дамыту, денсаулығын қорғау және олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мәселелерінде. Ерте жастан дамыту – баланың тұлғалық, когнитивті және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуы жүретін шешуші кезең, бұл болашақ жетістіктер мен өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Бұл жаста баланың танымдық қабілеттері мен әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына қолайлы жағдайлар жасалуы керек.

Ерте жастан дамыту мәселесінің өзектілігіне қатысты дәлелдер ретінде Қазақстан Республикасында қабылданған бірқатар маңызды заңдар мен бағдарламаларды атап өтуге болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы өз күшіне енген. Бұл заң мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жастан дамыту мен оларды әлеуметке бейімдеуге бағытталған түрлі шараларды көздейді [8]. Ерте жастағы балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуын зерттеу баланың өмірінде ең шешуші кезеңдерде тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, көптеген ғылыми жұмыстарда ерте жастан дамыған балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелеріне арналған арнайы зерттеулер жүргізілуде.

Отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулері ерте жастағы балалардың дамуын қолдау мәселелеріне айтарлықтай үлес қосты. Жапаркулова Н.И., Мурзахметова М.К., Сейдахметова З.Ж.

(2020) «Оқушылардың даму физиологиясы» атты оқу құралында балалардың физиологиялық даму ерекшеліктері мен олардың психологиялық дамуы арасындағы байланысты қарастырады. Ерте жастағы балалардың даму барысындағы өзгерістер олардың когнитивті және эмоциялық дамуына әсер етіп, педагогикалық процесті қалай жетілдіруге болатынлығы жөнінде ұсыныстар береді. Бұл еңбекте физиология және психология, арнайы педагогика арасындағы байланыс көрсетіліп, ерте жастан дамыған балаларды тәрбиелеуде денсаулық сақтау мен психологиялық қолдаудың маңыздылығы айқындалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері:

- зерттеу тақырыбы бойынша арнайы педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау;
- сауалнама әдісі арқылы ерте жастағы балалардың ата-аналарының ақпараттық құзіреттілігінің даму ерекшелігін анықтау;
- зерттеу нәтижесі бойынша ата-аналарға арналған «ақпараттық анықтама» әзірлеу;

Ерте жастағы балалармен жұмыста ата-аналардың ақпараттық құзіреттіліктерін дамыту жүйелі әрекет пен әдістерді талап ететін процесс. Бекмагамбетова Р.К. (2021) «Основы возрастной педагогики» оқу құралында да ерте жастағы балалардың педагогикасын жан-жақты қарастырады [1]. Өз еңбегінде автор балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық әдістер мен тәсілдерді талдай отырып, әртүрлі жастағы балаларды тәрбиелеудің негізгі заңдылықтарын көрсетеді. Авторлар ерте жастан дамыған балалардың білім алуына қандай жағдайлар әсер ететінін түсіндіріп, балалардың танымдық дамуында педагогика ғылымының негіздерін қолданудың маңыздылығын атап өтеді.

Қазақстанда ерте жас мәселесін зерттеумен белсенді айналысқан Роза Айтжанқызы Сүлейменова. Сүлейменова Р.А арнайы мектептер мен мектепке дейінгі мекемелердің жағдайын талдай келе, Қазақстанда мектеп жасына дейінгі, әсіресе ерте жастағы балалармен жұмыс істеу жүйесі жоқ екенін анықтады. Сонымен қатар, ерте жастан кірігу жүйесінің заңнамалық негізін құрайтын “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңын әзірлеуші топтың жетекшісінің орынбасары болған. Осы заң аясында қолданылатын негізгі ұғым: ерте қолға алу (ерте қолдау) – психикалық - дене бұзылыстары скринингін, диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау [8]. Яғни, ерте жастан дамыту – бұл бала өмірінің алғашқы үш жылындағы нейропсихологиялық және педагогикалық заңдылықтарға сүйенетін, оның танымдық және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін мақсатты дамытушы әрекеттер жүйесі.

Ерте жастан дамыту мәселесіне қатысты зерттеулер мен ғылыми еңбектер көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың назарында болды. Бекмагамбетова Р.К., Кыякбаева У.К., Абилбакиева Г.Т. (2022) «Ерте балалық шақ педагогикасы» атты оқу құралында балалардың психикалық және әлеуметтік даму сатылары ғылыми – педагогикалық тұжырымдамалар негізінде қарастырылып, олардың қалыптасу заңдылықтары мен механизмдері жүйелі түрде талданады[7]. «Ерте жастағы балалардың психологиялық-әлеуметтік дамуының мәселелерін кешенді түрде бағалау жүйесі» атты әдістемелік ұсынымдар (Ерсарина А.К., Айтжанова Р.К., Кенжеева А.К., Юлдабаева Д.Р., Токарева А.Н., 2016) ерте жастан дамыған балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуының аспектілерін кешенді түрде қарастырып, бұл мәселені бағалау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді ұсынады [9]. Авторлар ерте жастан дамыған баланың психологиясын және оның әлеуметтік ортада өзін-өзі таныту қабілетін жан-жақты зерттей отырып, баланың психикалық жағдайын бағалау үшін әртүрлі әдістемелер мен бағалау құралдарын ұсынады.

Ерте жастағы балалардың дамуы мен тәрбиесі қоғам үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, ата-аналардың балаларға көрсететін тәрбиесі мен білім беруі – олардың болашақ өміріне үлкен ықпал етеді[2]. Алайда, қазіргі уақытта ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігі балалардың дамуы мен білім алуына кедергі келтіруі


мүмкін. Ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту мәселесінің өзектілігі балалардың дамуында пайда болатын қиындықтарды жеңуге, олардың әлеуметке бейімделуіне және толыққанды тұлға болып қалыптасуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу жұмысы ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту жолдарын анықтау арқылы ерте жастағы балалардың дамуында маңызды рөл атқаратын аспектілерді қарастырып, педагогикалық қоғамдастыққа жаңа ұсыныстар енгізуді мақсат етеді.


Зерттеу шеңберінде ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін бағалау үшін сауалнама әдісі қолданылды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижесін талдау. Бұл зерттеу ерте жастағы балалармен жұмыста ата-аналардың ақпараттық құзыреттілігінің даму деңгейін, олардың қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған. Ата-ана мен баланың негізгі мәліметтері бөлімінде ата-аналардың жас ерекшеліктері мен бала саны, тәрбиелену жағдайы зерттелді. Бұл ақпарат ата-аналардың тәжірибесі мен ақпаратты қабылдау қабілеттеріне ықпал ететін маңызды факторлар екендігін көрсетті. Екіншіден, ата-ананың бала дамуы туралы білімі мен ақпараттық дағдылары сұрақтары арқылы ата-аналардың бала дамуы туралы түсініктері мен алаңдаушылықтары анықталды. Мұндағы басты мақсат – ата-аналардың қандай даму салаларында (мысалы, сөйлеу тілі, зейін мен есте сақтау қабілеті) қиындықтарға тап болатынын түсіну. Үшіншіден, ақпаратты іздеу және қолдану дағдылары бөлімінде ата-аналардың ақпаратты қайдан алатынын және қандай көздерге сүйенетіні зерттелді. Соңында, ақпаратты практикада қолдану бөлімі ата-аналардың алған білімдерін күнделікті өмірде қалай жүзеге асырып жатқанын көрсетеді.


Зерттеу нәтижелері сауалнамадан өткен ата-аналардың басым бөлігінің (60%) мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырғанын көрсетті. Балалардың шамамен тең жартысы балабақшада тәрбиеленіп жатса, 35%-ы үйде тәрбиеленуде. Балалардың үйде немесе арнайы білім беру ұйымдарында тәрбиеленуі бала дамуына өзіндік әсерін тигізеді. Қай жағдайда да болмасын, ата-ана балаға жеткілікті дәрежеде даму ортасын қалыптастыру қажет. Бұл ата-аналар тарапынан ізденіс пен уақытты талап етеді. Зерттеу нәтижесінде, ата-аналардың 50%-ы баласының дамуына жеткілікті уақыт бөле алатынын айтқанымен, 35%-ы кейде уақыттың жетіспейтінін мойындады. Бірқатары бұл мәселені негізгі қиындықтардың бірі ретінде атап өтті.




Сурет 1. Ата-ана мен баланың негізгі мәліметтері: «Сіздің балаңыздың жасы нешеде? (0–1 жас / 1–3 жас / 3–6 жас)», «Сіздің жасыңыз? (20–25 / 26–30 / 31–35 / 36–40 / 41 және одан жоғары)» сұрағының нәтижесі



Сурет 2. Ата-ана мен баланың негізгі мәліметтері: «Балаңыз нешінші бала? (Тұңғыш / Екінші / Үшінші / Төртінші / Басқа нұсқа). Балаңыз қай жерде тәрбиеленуде? (Үйде / Балабақшада / Арнайы білім беру мекемесінде / Ата-әжесінің қарауында / Басқа нұсқа) . Сіз балаңыздың дамуы үшін жеткілікті уақыт бөле аласыз ба? (Иә, жеткілікті / Иә, бірақ кейде жетпей қалады / Жоқ, уақыт жеткіліксіз)сұрағының нәтижесі



Сурет 3. Ата-ананың бала дамуы туралы білімі мен ақпараттық дағдылары: «Сіз ерте жастағы (0-3 жас) бала дамуының маңыздылығы туралы не білесіз? (Жақсы білемін / Аздап білемін / Ештеңе білмеймін. Сіздің ойыңызша, баланың ерте жаста (0-3 жас) ата-ананың рөлі қаншалықты маңызды? (Өте маңызды / Маңызды / Аз маңызды)» сұрағының нәтижесі.



Сурет 6. Ақпаратты практикада қолдану: «Балаңызды дамыту үшін қандай әдістерді қолданасыз? (Кітап оқу / Ойындар ойнау / Музыка тыңдау / Сурет салу немесе шығармашылық / Ештеңе қолданбаймын). Егер сізге баланы дамытуға арналған әдістемелік жинақ ұсынылса, қолданар ма едіңіз? (Иә / Жоқ). Сіз балаңыздың дамуына көмек ретінде қандай материалдар алғыңыз келеді? (Дамытатын ойындар жинағы / Жаттығулар жинағы / Ата-аналарға кеңестер / Осының барлығы)» сұрағының нәтижесі.

Ақпарат көздеріне келсек, ата-аналардың 50%-ы мәліметті интернет ресурстарынан іздесе, 25%-ы кітаптарға жүгінеді, ал тек кеңес алу үшін мамандардың көмегіне жүгінетіндер 15%-ды құрайды. Бұл ата-аналарға арналған сенімді әрі түсінікті ақпарат көздерінің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың 60%-ы баланы дамытуға арналған ақпараттық анықтаманы қолдануға дайын екенін білдірді. Әсіресе, дамытатын ойындар жинағы (20%) мен ата-аналарға арналған кеңестерге (10%) деген қызығушылық жоғары. Бұл зерттеу ата-аналарды сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету және балалардың дамуындағы негізгі кедергілерді жою үшін арнайы әдістемелік материалдар мен кеңестер әзірлеу қажеттігін айқындайды.

Зерттеудің қорытындысы ата-аналарға арналған ақпараттық анықтаманың қажеттілігін дәлелдейді. Ата-аналардың көпшілігі ақпаратты негізінен интернеттен іздегенімен, оның әрқашан сенімді әрі жүйелі бола бермейтіні белгілі. Сондықтан, құрылымы анық, қарапайым тілмен түсіндірілген, жүйелі жинақталған әдістемелік құрал ата-аналарға бала дамуының әртүрлі аспектілерін тереңірек түсінуге және оны күнделікті тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Мұндай ақпараттық анықтама ата-аналарға бала тәрбиесінде бағыт-бағдар беріп, сөйлеу, қарым-қатынас, есте сақтау қабілеттерін дамытуда тиімді тәсілдер ұсынуға мүмкіндік жасайды.

Қорытынды. Ата-аналарға тұрақты түрде ақпараттық қолдау көрсету олардың балаларын дұрыс тәрбиелеу мен дамытуға деген сенімділігін арттырады. Жүргізілген зерттеу жұмысын қорытындылай келе, ерте жастан дамыту мәселесі бойынша ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттырудың маңыздылығы анықталды. Бала дамуының негізгі заңдылықтарын білу ата-аналарға саналы шешім қабылдап, болашақ саналы ұрпақты тәрбиелеуде негіз болатындығын алға тарта отырып, осы жұмыста көрсетілген теориялық әдіснамалық негіздер - осы саладағы мәселені шешудегі өзекті құрал екендігін атап өткіміз келеді. Ерте жастан дамыту мәселесін жүйелі түрде қарастыру – қазіргі заманғы педагогика мен психологияда өзекті тақырыптардың бірі. Ерте жастағы даму тек интеллектуалдық қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар эмоционалдық және мінез-құлық аспектілерін де қамтиды[4]. Бала өмірінің алғашқы жылдарында оның жақын ортасының қолдауы өте маңызды. Зерттеу жұмысында анықтаушы эксперимент негізінде (сауалнама) ерте жастағы балалармен жұмыста ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерінің даму ерекшеліктері анықталды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, ата-аналардың

көп бөлігіне баланы дамыту бойынша ақпараттың аздығы қиындық тудыратына белгілі болды. Басым көпшілігі уақыттың жеткіліксіздігін себеп көрсе, кейбірі ізденістің аздығын алға тартады. Сауалнамадан өткен ата-аналардың көп бөлігі өздерінің ақпараттық анықтаманы қолдануға ашық, жақсы көзқарастарын білдірді. Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибелер көрсеткендей, ерте жастан дамыту бағдарламаларын қолға алу қоғам үшін ұзақ мерзімді жаңа бастама болмақ. Ерте балалық шақта сапалы білім беріп, жүйелі дамыту жұмыстары баланың мектептегі үлгерімін ғана жақсартып қоймай, оның кейінгі кәсіби өміріне де оң әсерін тигізеді. Ерте жастан дамытуға салынған әрбір күш пен ресурс үлкен табыс әкелетінін ұмытпауымыз керек. Бұл мәселе тек отбасылық деңгейде ғана емес, мемлекеттік деңгейде де басты назарда болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекмагамбетова Р.К. Основы возрастной педагогики. Учебное пособие. -Алматы: Альманахъ, 2021.-170 с.
2. Ибука М. После трех уже поздно / Масару Ибука ; [пер. с англ. Н. Перовой]. М.: Альпина нон-фикшн, 2011. 224 с.
3. Оқушылардың даму физиологиясы: Оқу құралы/Жапаркулова Н.И., Мурзахметова М.К., Сейдахметова З.Ж.-Алматы: ТОО Лантар Трейд, 2020. - 145б
4. МОРФОМЕТРИЧЕСКОЕ И ПСИХОМОТОРНОЕ РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА ПЕРВОГО ГОДА ЖИЗНИ.Москва.2014
5. Ахвердова О.А., Гюлушанян К.С., Козлитина О.Н. Руководство к проведению семинарских и практических занятий по курсу «Психология развития и возрастная психология»: Учебное пособие. Ч.1. – Ставрополь: Изд-во СГУ, 2003 - 373 с.
6. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан. Приложение к Государственному общеобязательному стандарту дошкольного воспитания и обучения. - Астана,2016
7. Бекмагамбетова Р.К., Кыякбаева У.К., Абылбакиева Г.Т. Б39 Ерте балалық шақ педагогикасы. Оқу құралы. – Алматы : ЖШС Лантар Трейд,2022-368 бет
8. “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Қазақстан Республикасының 2002 жылғы ІІ шілдедегі N 343 Заң.
9. Ерте жастағы балалардың психологиялық-әлеуметтік дамуының мәселелерін кешенді түрде бағалау жүйесі: Әдістемелік ұсынымдар /А.К. Ерсарина, Р.К. Айтжанова, А.К.Кенжеева, Д.Р. Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы, 2016. - 53 б.

УДК 373.25
МРНТИ 14.23.21

DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.003

Г.Б.Ибатова, Ж.А.Тилеубаева
PhD, аға оқытушы ibatova_igb@mail.ru
магистрант tileubaeva01@bk.ru

Абай атындағы ҚазақҰлттық Педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН ІІІ ДЕНҒЕЙДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ФРАЗАЛЫҚ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Сөйлеу тілі балалардың әлеуметтік және психологиялық дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дұрыс дамуы олардың оқу мен қоғамда өздерін дұрыс сезінуіне, сондай-ақ когнитивті және әлеуметтік дағдыларды меңгеруіне үлкен әсер етеді. Алайда, кейбір балалардың сөйлеу тілінің жалпы дамымауы байқалып, сөйлеу қабілеттері жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл мәселе әсіресе сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ деңгейдегі балаларда байқалады, оларда фразалық сөйлеудің қалыптасуы ерекше қиындықтар туғызады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, оның ішінде фразалық сөйлеудің қалыптаспауы, балалардың білім алу процесінде, сондай-ақ жалпы әлеуметтік қарым-қатынастарында қиындықтар тудыруы мүмкін. Осы себепті, бұл мақала мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ деңгейдегі балалардың фразалық сөйлеу тілін дамыту ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Түйінді сөздер: фразалық сөйлеу, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, мектеп жасына дейінгі балалар, әдіс

Г.Б.Ибатова, Ж.А.Тилеубаева
Phd, старший преподаватель ibatova_igb@mail.ru
магистрант tileubaeva01@bk.ru

Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая г.Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ФРАЗОВОЙ РЕЧИ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ (ІІІ УРОВЕНЬ)

Аннотация

Речь является важным аспектом социального и психологического развития детей. Правильное речевое развитие дошкольников оказывает большое влияние на то, как они чувствуют себя хорошо в учебе и обществе, а также на приобретение когнитивных и социальных навыков. Однако у некоторых детей может наблюдаться общее недоразвитие речи и недостаточные речевые способности. Эта проблема особенно заметна у детей с общим недоразвитием речи (ІІІ уровня), у которых формирование фразовой речи вызывает особые трудности. Общее недоразвитие речи, в том числе несформированность фразовой речи, может вызвать затруднения в процессе обучения детей, а также в общесоциальных отношениях. По этой причине данная статья посвящена изучению особенностей развития фразовой речи детей с общим недоразвитием речи (ІІІ уровня) в дошкольном возрасте.

Ключевые слова: фразовая речь, общее недоразвитие речи, дети дошкольного возраста, метод

G.B.Ibatova, Zh.A.Tileubayeva
PhD, Senior Lecturer ibatova_igb@mail.ru
Master's student tileubaeva01@bk.ru

Kazakh National Pedagogical University names after Abai, Almaty, Kazakhstan

THE STUDY OF PHRASAL SPEECH IN PRESCHOOLERS WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT (LEVEL III)

Abstract

Spoken language is an important aspect of the social and psychological development of children. The correct speech development of preschoolers has a great impact on their ability to feel right in learning and society, as well as on the acquisition of cognitive and social skills. However, some children may experience General speech underdevelopment and have insufficient speech abilities. This problem is especially noticeable in children of Level III, whose speech is generally underdeveloped, in which the formation of phrasal speech causes special difficulties. General underdevelopment of speech, including the formation of phrasal speech, can cause difficulties in the process of children's education, as well as in general social relationships. For this reason, this article is devoted to the study of the features of the development of phrasal speech of children of Level III with general underdevelopment of preschool speech.

Key words: phrasal speech, general underdevelopment of speech, preschool children, method

Кіріспе: Мектеп жасына дейінгі балалардың фразалық сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. Бұл мәселені логопедиялық және педагогика саласындағы зерттеушілер Б.М. Гриншун, Г.А. Каше, Р.Е. Левина, Н.А. Никашина, В.К. Орфинская, О.В. Правдина, Т.Б. Филичева, М.Е. Хватцев, Г.В.Чиркина, С.Н. Шаховская және т.б. айналысқан.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөз тіркестері арқылы сөйлеу тілін қалыптастыру үлкен рөл атқарады. Айтылымды білдіретін, фразалық сөйлеу тілі ойлау мен қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеу тілінің негізгі бірлігі болып табылады. Ана тілін меңгеру негізінен фразалық сөйлеуде кездеседі [1].

Сөйлемді сөйлеу тілі бірлігі ретінде меңгерудің үлкен маңызы бар, өйткені ол ойды білдірудің негізгі түрі. А.Н.Леонтьевтің пікірінше, фразалық сөйлеу тілді үйрену баланың өз ойын дұрыс және әдеби тұжырымдауының қажетті шарты болып табылады. Бұл, зерттеушінің пікірінше, белгілі бір коммуникативтік тапсырманы тілдік жүзеге асыру әдістерінің бір түрі[2].

Балалардың сөйлеу тілін зерттейтін көптеген зерттеулер мектепке дейінгі жаста бірте-бірте диалогтық сөйлеу тілі негізінде біртұтас монологтық сөйлеу тілінің қалыптасатынын көрсетеді. Монологтық және диалогтік сөйлеу тілді дамытудың негізгі негізі сөздік қорды меңгеру негізінде қалыптасатын фразалық сөйлеу тілі болып табылады[3].

Мектеп жасына дейінгі балаларда фразалық сөйлеу тілді қалыптастыру мәселелері және оның даму факторлары В.В. Гербова, Е.П. Короткова, Г.М. Лямина. [4, 5, 6]. Зерттеушілер бес жасқа дейін сөйлеу тілі қалыпты дамыған кезде баланың сөйлеу тілі жалпы және күрделі тіркестерден тұратынын айтады.

Үлкен энциклопедияда «фраза» сөзі (грек тілінен аударғанда phrasis - өрнек) «тіл бірлігі ретінде сөйлемге сәйкес келетін сөйлеудің негізгі бірлігі; синтаксистік құрылымы, семантикалық толықтығы мен интонациялық безендірілуі бар синтаксистік-фонетикалық тұтастық. Сөз тіркесінің шекарасы кідіріс, сонымен қатар оның аяқталуын білдіретін белгілі бір интонациялық белгілер» [76. 1456].

М.Балақаевтың сөз тіркесіне берген анықтамасы негізге алынады: "Сөйтіп, синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз" [10].

Сөз тіркесі формалды синтаксистік белгілермен сипатталатын сөйлемге сәйкес келуі мүмкін, бірақ интонация сөйлем болып табылмайтын сөздер тізбегіне айналады. Кейбір жағдайларда фразалық құрылым сөйлем мүшесі болуы мүмкін[11].

Фразалық сөйлеу тілі элементар болуы мүмкін және әдетте 2-3 сөзді қамтуы мүмкін, сондай-ақ жалпы болуы мүмкін және бір күрделі сөйлемді (4 немесе одан да көп сөзден тұратын) немесе екі немесе одан да көп сөйлемді (әңгімеге сәйкес) қамтуы мүмкін.

Фразалық сөйлеу тілінің жасалу онтогенезі А.Н. Гвоздева. Ол тілдің морфологиялық және синтаксистік жүйелерінің өзара тығыз байланысын ескере отырып, фразалық сөйлеу тілдің жасалуының үш кезеңін анықтаған болатын [9].

Көптеген авторлардың еңбектерінде (В.К.Воробьева, В.П. Глухова, Н.С. Жукова, Е.М.Мастюкова, Р. И. Спирова, Т. Б. Филичева, А. В . Хостребова және т. б.) СТЖД бар балаларда фразалық сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар екендігі атап өтілген.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының III деңгейі бар балалар лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық дамымау элементтері бар фразалық сөйлеу тілінің болуымен сипатталады. Атап айтқанда, лексика- грамматикалық дамымау фразалық сөйлеу тіліне қатысты. Көптеген авторлар балалардың фразалық сөйлеу тілі кезінде сөздің шектеулі екендігіне, сондай-ақ сөйлеуде көптеген аграмматизмдерге жол беретінін және лексикалық- грамматикалық формаларды дұрыс қолдана алмайтындығына назар аударады. Осыған байланысты фразаның бұзылу механизмдерін көруге мүмкіндік беретін дифференциалды диагностиканы әзірлеу қажеттілігі артады .

Қазіргі уақытта баланың тәуелсіз сөйлеу тілі ағымында фразалық сөйлеу тілінің диагностикалау, түзету және фразаның бұзылған құрылымдық компоненттерін бағалау мәселесі өте өзекті болып қала береді. Дұрыс таңдалған бағыттар мен зерттеудің нақты анықталған принциптері фразалық сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау тиімділігінің негізі болып табылады.

Алайда көптеген зерттеулерде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалардағы фразалық сөйлеу тілінің жай-күйін зерттеудің кешенді әдісі жоқ. Бұл зерттеудің элементтері көбінесе грамматикалық жүйе бөлімінде ұсынылған және көбінесе екі-үш тапсырмадан тұрады.

Мәселен, О. Б. Иншакованың классикалық нұсқаулығында мектеп жасына дейінгі балалардағы фразалық сөйлеу тілінің жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін келесі тапсырмаларды бөліп көрсетуге болады:

- суреттер бойынша сөйлем құрау;
- әр түрлі әңгімелер құрастыру.

Өз кезегінде Т. Б. Филичева, Г.В. Чиркина фразаның предикативтілігінің қалыптасуын тексеру үшін қолдануға болатын келесі әдістемелік әдістерді қолданады:

- сурет бойынша, іс-әрекеттерді көрсету немесе сұрақтарға жауаптар;
- сурет бойынша сөйлемді өз бетінше құрастыру, іс-әрекеттерді көрсету;
- сөйлемде жетіспейтін сөзді қажетті жағдайда дұрыс толықтыру.

Сонымен қатар В. П. Глуховтың еңбектерінде ұсынылған әдістерді көрсетуге болады:

- Сурет бойынша сөйлем құра.
- Сөйлемді аяқтау. Аяқталмаған сөйлемдер

Осы қарастырылған зерттеулер негізінде фразалық сөйлеу тілінің жай-күйін зерттеу мәселесі біз үшін ашық болып қалады, дегенмен бұл зерттеулер диагностика жүйесін дамытумен кеңейтуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен зерттеу әдістер

- Қарастырылып отырған мәселе бойынша әдебиеттерге теориялық талдау жасау
- Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалардың фразалық сөйлеу тілінің ерекшеліктері зерттеу
- Жинақталған материалды жүйелеу

Зерттеу базасы: Алматы облысы, Іле ауданы, ЖШС «Болашақ кемеңгер 2» бөбекжай-балабақшасында жүргізілді. Ең алдымен зерттеуге қатысушыларды іріктеу жұмысы жүргізілді. Зерттеуге қатысушыларды іріктеудің басты критерийлері жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар III деңгейдегі балалар тобы болды. Аталған критерийлерге сай зерттеу базасынан 30 бала таңдалынды.

Зерттеу барысы бірнеше кезеңдерді қамтыды

I кезең: Анамнездік мәліметтерді жинау.

- Балалар жөніндегі мағлұматтардың жиынтығы.

II кезең: Тәжірибелік жұмыс жүргізу

Экспериментке қатысатын балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін және фразалық сөйлеу дағдыларын бастапқы деңгейде бағалау.

III кезең: *Қорытындылар мен бағалау*

- Эксперимент барысында алынған мәліметтерді талдау. Балалардың фразалық сөйлеуінде кездесетін қиындықтарды анықтау.

I кезең: Анамнездік мәліметтерді жинау. Бұл кезең бойынша біз балалардың құжаттарымен (ПМПК берген жолдамалары, денсаулық паспорты, жеке карталары, сөйлеу карталары) танысып, талдадық.

Анамнезді талдау барысында эксперименталды топтың барлық балаларында кіші топтарда болған мерзімде, сөйлеу тілінің кешеуілдеуі болғанын көрсетті. Сонымен қатар балалардың үштен бірінде құжаттарындағы былдырлау мен үілдеуінің кешігіп шығуы қорсетілген. Эксперименталды топ балаларының барлығында фразалық сөйлеу тілін меңгеруі кешігіп басталған, және де, сөз қорының сандық және сапалық жағынан төмен болғанымен сипатталады. Балалардың сөйлеу тілі карталарында психологиялық медициналық педагогикалық кеңестің СТЖД III-деңгейі деген сөйлеу тілінің қорытындысы жазылған.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балаларды іріктеп алу мақсатында, балалардың жеке карталарымен алдын ала танысып, дәстүрлі тәсілдер бойынша логопедиялық тексеру жүргізілді.

II кезең: Тәжірибелік жұмыс жүргізу. Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін және фразалық сөйлеу тілі В. П. Глуховтың әдісі бойынша бағаланды.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың фразалық сөйлеу тілін бағалау үшін бағалаудың келесі деңгейлері бөлінді: жоғары деңгей; орта деңгей; төмен деңгей.

Жоғары: балалар сөйлеуде тұрмыстық тақырыптармен шектелмейтін сөздердің үлкен жиынтығын пайдаланады. Олар сөйлеуде сөздерді оңай қолданады жалпыланған абстрактілі мағына, сондай-ақ сапаны білдіретін сөздер, жағдайы, белгілері, бағасы. Сөйлеудің грамматикалық компоненті қалыптасады.

Балаларда оқиғаның семантикалық дизайны дамыған. Әңгіме үйлесімді және дамудың жас нормаларына сәйкес келеді.

Орташа: балалардың сөздік қоры біршама шектеулі, оларға жалпылама сөздерді анықтау қиын. Балалар сөйлемдердегі сөздердің грамматикалық байланысының қиындықтарын байқайды және ынталандырушы көмекті қажет етеді. Балалардағы оқиғаның семантикалық дизайны да жеткіліксіз дамыған. Балалар әңгімеде жеке сөздерді немесе бір буынды сөз тіркестерін қолданған.

Төмен: балалар тұрмыстық тақырыптармен, соның ішінде таныс етістіктермен шектелетін сөздердің тар жиынтығын ғана пайдаланады. Балаларға сөйлеуде сөздерді қолдану әлдеқайда қиын. Балаларда сөйлемдердегі сөздердің грамматикалық байланысының қиындықтары бар, олар ынталандырушы көмектен кейін де тапсырманы орындай алмайды. Балаларда оқиғаның семантикалық дизайны дамымаған. Балалар жеке сөздерді немесе бір буынды сөз тіркестерін қолданды.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалардың фразалық сөйлеу тілді зерттеу В. П. Глуховтың еңбектерінде ұсынылған тапсырмалар бойынша жүргізілді [8]. Анықтаушы экспериментінің әдістемесі мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамы-

маған III деңгейдегі балалардың фразалық сөйлеу тілінің кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретін әңгіме мен тапсырмаларды қамтыды.

1.Әңгімелесу

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынас барасында балалардың фразалық сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтаға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері:

3 ұпай-бала бірден байланысқа түседі, сөйлеседі, сұрақтар қояды; сөйлеу тілі эмоционалды түрде боялған; грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған кеңейтілген сөз тіркестерін белсенді қолданады яғни толық сөйлемдерді қолданады.

2 ұпай-бала байланыста, бірақ оған ерекше қызығушылық білдірмейді; педагогтің көмегіне мұқтаж; аз орналастырылған сөз тіркестерін қолданады, сөйлеу тілі эмоционалды бояусыз; фразалық сөйлеуде сөздердің реттілігінің бұзылуы яғни дұрыс қолданбау.

1 ұпай-бала әңгімеге ресми қатысуды қаламайды немесе қатыспайды қарапайым сөз тіркестерді қолданады; сөйлеуде монотон бар;көптеген аграмматизмдер байқалады.

2.Сурет бойынша сөйлем құра.

Мақсаты:мектеп жасына дейінгі балалардың өз ойын жүйелі түрде айтуға және зейінін анықтауға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлері:

3 ұпай - бала барлық үш суретті қолдана отырып сөйлемдер құрған кезде қойылады, мәлімдеме толық және жалпы, эмоционалды түрде боялған:

фраза грамматикалық нормаларға сәйкес келеді, сөз тіркестерін белсенді қолданады яғни толық сөйлемдерді қолданады

2 ұпай-балаға жауап беру қиын болған кезде қойылады және ішінара көмекке мұқтаж; егер жауап тек бір немесе екі суретті ескере отырып жасалса,баланың жауабы қарапайым, қарапайым сөйлемдер,эмоционалды бояусыз қолданылады; фразаларда ішінара бұзылған грамматикалық нормалар дұрыс сәйкес келмейді, бала тапсырмаға онша қызығушылық танытпайды.

1 балл - мәлімдеме бір суретті қолдана отырып жасалады, жауап 1 – 2 сөзден тұрады, грамматикалық нормалар бұзылған бала ерекше қызығушылықтанытпайды немесе байланысқа түспейді; педагогтің көмегіне қажет етеді.

3.Сөз тіркесін құрастыру

Мектеп жасына дейінгі балаға суретке сүйене отырып, фраза деңгейінде толық мәлімдеме жасау ұсынылады.

Бағалау критерийлері:

3 ұпай - бала суреттегі әрекетке сәйкес келетін толық, егжей-тегжейлі жауапты қолданған кезде қойылады, мәлімдемелер эмоционалды түрде боялған;

фраза грамматикалық нормаларға сәйкес келеді, тапсырмаға қызығушылық танытады.

2 ұпай-балаға жауап беру қиын болған кезде қойылады және ішінара көмекке мұқтаж; баланың жауабы қарапайым, қарапайым сөйлемдер, эмоционалды бояусыз; сөз тіркестерінде грамматикалық нормалар ішінара бұзылған дұрыс емес сәйкестік, баланың тапсырмаға ерекше қызығушылық танытпайды.

1ұпай-жауап 1 - 2 сөзден тұрады, грамматикалық нормалар бұзылған, бала ерекше қызығушылық танытпайды немесе байланысқа түспейді; педагогтің көмегін қажет етеді.

4.Сөйлемді аяқтау. Аяқталмаған сөйлемдер

Мектеп жасына дейінгі балаға осы бастама бойынша фразаны жалғастыру ұсынылады.

Бағалау критерийлері:

3 ұпай - бала грамматикалық нормаларға сәйкес сөйлемді аяқтаған кезде қойылады сөйлем логикалық тұрғыдан бір бірімен үйлесімді, мәлімдемелер эмоционалды түрде боялған; тапсырмаға қызығушылық танытады .

2 ұпай-балаға жауап беру қиын болған кезде қойылады және ішінара көмекке мұқтаж; баланың жауабы қарапайым, эмоционалды бояусыз; сөз тіркестерінде грамматикалық нормалар

ішінара бұзылған дұрыс емес сәйкестік немесе олардың болмауы; бала тапсырмаға ерекше қызығушылық танытпайды.

1 ұпай-жауап 1 - 2 сөзден тұрады, грамматикалық нормалар бұзылған бала ерекше қызығушылық танытпайды немесе байланысқа түспейді; педагогтің көмегін қажет етеді.

Фразалық сөйлеу ерекшеліктерін эксперименталды зерттеу және оны практикалық түрде қолдану жеке педагогикалық эксперимент түрінде іске асырылды. Әр бала эксперимент жүргізушімен 4-тен 6-7 ретке дейін кездесті, ол әр түрлі себептерге байланысты болды: баланың шаршағыштығы, тапсырмаларды орындауға деген мотивациясы, зейінін шоғырландыруы, тапсырманы орындау жылдамдығы, әр тапсырмаға берілген нұсқауды түсінуі.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың орындауын және әр тапсырма бойынша балалардың әрекеттерін бағалаудың нақты критерийлері негізінде талдайық. Сол критерийлердің сипаттамасында тоқталайық.

Балалардың фразалық сөйлеу ерекшеліктерін зерттеу барасында балалардың тапсырманы сәтті орындауының негізгі критерийі ол – орындаған әрекеттердің толықтылығы. Сонымен қатар балалардың қате жауаптары, яғни эксперименталды міндеттерге толық сай емес жауаптары есептелді. Зерттеудің нәтижелерін статистикалық талдау бұл жерде дәстүрлі тәсіл бойынша есептелді, яғни әр жауап түрін пайыздық көрсеткіші белгіленді.

Балалардың әрекетін бағалау критерийлері негізінде эксперимент барысында алынған нәтижелерді сандық-сапалық жағынан талдау негізі диссертация жұмысының мәтінінде кесте мен диаграмма түрінде берілді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың фразалық сөйлеу ерекшеліктерін анықтау бойынша анықтаушы зерттеу кезінде жинақтаған мағлұматтарды келесі жүйе бойынша талдадық. Балалардың берілген тапсырмадағы он сұраққа жауап беруін бағалауда үш ұпайлық жүйені пайдаландық:

10–8 дұрыс жауапқа – 3 ұпай берілді

7– 4 дұрыс жауапқа – 2 ұпай берілді

3– 1 дұрыс жауапқа – 1 ұпай берілді

Деңгейін анықтау үшін төмендегі ұпайлық критерийге сүйеніп, үш деңгейді белгіледік:

1. жоғары деңгей – 3 ұпай (10- 8 тапсырманы орындауы);

2. орташа деңгей – 2 ұпай (7 -4 тапсырманы орындауы);

3. төмен деңгей – 1 ұпай (3 –1 тапсырманы орындауы)

Тапсырмаларды орындауларын бөліп кестеде көрсеттік. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың фразалық сөйлеу ерекшеліктерін анықтау бойынша тексеру нәтижелері берілген (кесте 1).

Тапсырмалар	1тапсырма			2тапсырма			3тапсырма			4тапсырма		
Деңгей түрлері	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
СТЖД III деңгей	20%	40%	40%	10%	30%	60%	10%	20%	70%	20%	50%	30%

1 тапсырма бойынша

Жоғары деңгей – балалардың 6-20%

Орташа деңгей – балалардың 12-40%

Төмен деңгей – балалардың 12-40%

2 тапсырма бойынша

Жоғары деңгей – балалардың 3-10%

Орташа деңгей – балалардың 9-30%

Төмен деңгей – балалардың 18-60%

3 тапсырма бойынша

Жоғары деңгей – балалардың 3-10%

Орташа деңгей – балалардың 6-20%


Төмен деңгей – балалардың 21-70%

4 тапсырма бойынша

Жоғары деңгей – балалардың 6-20%

Орташа деңгей – балалардың 15-50%

Төмен деңгей – балалардың 9-30%



Сурет-2 Мектеп жасына дейінгі СТЖД 3 деңгейдегі балалардың
Фразалық сөйлеу тілінің даму деңгейі бойынша бөлінуі, %

Мектеп жасына дейінгі СТЖД балалар жауап беруде қиындықтарға тап болды. Оларға ішінара көмек қажет болды. Балалар эмоционалды мағынасыз, жай сөйлемдерді қолданды. Фразалар грамматикалық нормаларды ішінара бұзады». Бұл ретте эксперименттік топтың балаларына жетекші сұрақтар қажет болды, бірақ олардың мәлімдемелері бір сарынды болды. Грамматикалық нормалардың бұзылуы да байқалады. Балаларға педагогтің көмегі, кеңестері мен жетекші сұрақтары қажет болды. Балалар көп қызығушылық танытпады, не жауап беруден бас тартты.

Осылайша, жүргізілген зерттеу негізінде СТЖД III-деңгейі балаларымен лексиканы, грамматиканы дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ фразалық сөйлеу тілі дамыту жұмыстарын жүргізу қажет екені анықталып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алифанова, Е.А. Фразовый конструктор. Развивающая игротка / Е.А. Алифанова, Н.Е. Егорова. – М.: Книголюб, 2013. – 16 с
2. Леонтьев, А. Н. Проблемы развития психики / А. Н. Леонтьев. – 4-е изд. – М.: Изд. МГУ, 2005. – 485 с

3. Ушакова О.С. Работа по развитию связной речи в детском саду/ О.С. Ушакова// Дошкольное воспитание - 2004. - № 11. - С. 8-12
4. Гербова, В.В. Развитие речи в детском саду: для работы с детьми 2-7 лет / В.В. Гербова. - М.: Мозайка-Синтез, 2010. - 64 с.
5. Короткова, Э.П. Обучение детей дошкольного возраста рассказыванию [Эл. ресурс] / Э.П. Короткова. - М.: Просвещение, 1982.- 127 с.
6. Лямина, Г.М. Развитие речи ребенка раннего возраста / Л.М. Гурович, Г.М. Лямина. - М.: Айрис-дидактика, 2005. - 96 с.
7. Советский энциклопедический словарь [Эл.ресурс] /Научно-редакционный совет: А.М.Прохоров (пред.). - М.: Советская энциклопедия, 1981. 1639 с.
8. Глухов В.П. Особенности формирования связной монологической речи детей старшего дошкольного возраста с общим речевым недоразвитием. - Автореф. канд. дис. - М., 2007.
9. Гвоздев, А.Н. Вопросы изучения детской речи. / А.Н.Гвоздев. - М. - 2007. - 472 с.
10. Балакаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы: Мектеп, 1971.
11. Садыкова, И.А.Русская интонация: учебное пособие по фонетике для иностранных студентов и стажёров филологических специальностей / И.А. Садыкова. - Казань. - 2015. - 64 с.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

УДК 376.1
МРНТИ 14.29.01

DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.004

Аутаева А.Н. 1, Рахимжанова Д.Ә.2

1 Арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі психол.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
akbota-n@mail.ru

7M01901 Арнайы педагогика мамандығының 2 курс магистранты, *Rakhimzhda02@gmail.com*
1,2 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО СОЦИАЛИЗАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Аннотация

- екі сөзді бір сөзге біріктіру (контаминация);
- сөздегі келесі дыбысты уақытынан бұрын айту (антиципация).

Балалардың сөйлеу тілінің дамуын бақылау нәтижелері жас балалардың сөйлеу тілінің дамуының бірқатар ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Бала ана тілінің құрылымын біршама қысқа мерзімде меңгереді. 3-4 жаста балада сөйлеу қарқынды дамиды. Сөйлеудің интенсивті дамуы кезеңінде бала ми қыртысының парието-темпоро-желке, маңдай және төменгі париетальды аймақтарында қарқынды өсуді бастан кешіреді. Баланың дамуы жоғары жүйке әрекетінің қалыптасу ерекшеліктерімен, оның тәрбие жағдайларымен, объективті әрекетінің қалыптасуымен тығыз байланысты және біршама жеке сипатта болады. А.А.Леонтьев (1999) сөйлеудің ерте дамуы туралы қолда бар мәліметтерді жинақтай отырып, келесі кезеңдерді атайды:

1) дайындық кезеңі-бала туылғаннан бастап айқайлау және жылау секілді дауыстық реакцияларды дамытады;

2) өмірдің екінші жылында болатын бастапқы тілді меңгеру кезеңі немесе сөздік қорын дамытуға және дыбыстық талдауды меңгеруге бағытталған;

3) грамматиканы меңгеру кезеңі – өмірдің үшінші жылы.

Нәрестелердің жылауы, ызылдауының және гуілдеуінің бірінші сатысы ерекшеленетін сөйлеуге дейінгі кезең сөйлеу функционалдық жүйесінің филогенетикалық жадымен байланысты және орталық жүйке жүйесінің туа біткен бағдарламаларының арқасында жүзеге асырылады.

Былдырлап сөйлеу тілдің архаикалық кезеңі болып табылады және «та-та», «ма-ма» немесе «га-га-га» сияқты қос буындардың ырғақты қайталануынан тұрады. Ол 5-6 айлық балаларда ырғақты қозғалыстардың пайда болуымен тығыз байланысты.

Сөйлеудің фонетикалық жағын игеру ассимиляция кезінде және семантиканың әсерінен жүреді (А. Н. Гвоздев, 1948; Н. И. Швачкин, 1954, т.б.). Сөйлеудің қалыптасуының бастапқы кезеңінде семантикалық жүктемені негізінен ырғақ пен интонация, кейінірек сөздің дыбыстық үлгісі көтереді. Б.Касевичте әр түрлі тілдерде фонологиялық жүйе дамуының белгілі, бірізді кезеңдері болатынын және интонация, екпін, тон сияқты просодиялық құбылыстардың ассимиляциясы сегменттік бірліктерді меңгеруден ертерек болатынын айтады. Он айға дейін балалар интонацияның негізгі түрлеріне оң реакция береді, бірақ оларда «сөз тіркесін құрайтын бірліктердің мағынасына реакция» болмайды (Л. В. Златоустова, 1981). Сонау 1899 жылы И.А.Сикорский жас балалардың сөздің буындық құрылымын әртүрлі тәсілдермен меңгеретінін анықтады, бұл жеке сөйлеу механизмдерінің тәуелсіздігі мен дербестігін көрсетеді. Ол сөздердің буындық құрамын меңгеруде стратегиялары әртүрлі екі топ балаларды анықтады. И. А. Сикорскийден кейін дәл осындай ерекшелікті Е. Н. Винарская (1987), А. А. Леонтьев (1999), С. Н. Цейтлин (2000) және т. б. атап өтеді.

Балалардың бір тобы тез сөйлейді, өйткені олардың қарым-қатынасы ешқашан бұзылмайтын сөздің ритмдік құрылымын дамытудан басталады. Бұл балалар "буын" деп аталатын жолмен жүреді немесе тілді түсінудің біртұтас тактикасын ұстанады. Олар қалаған сөздің «қаңқасын» оның буындық құрылымын, екпінін, интонациясын сақтай отырып және «оны құрайтын дыбыстардың сапасына мән бермей» айтады, мысалы: «пипипи» - «печенье». А.А. Леонтьев (1999) (психоллингвистика тұрғысынан сөздің екпін үлгілерін сақтай отырып, сөздерді қайталайтын балалардың тек осы тобын талдайды және қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде осы топтың балаларында синтагматикалық фонетиканың дамуы байқалады деп санайды. Олар үшін жаңа сөздерді жаңғыртуда екпін-буын үлгісінің дұрыс болуының маңыздылығы мен сөздің жалпы көрінісін беруге ұмтылу бірінші орынға шығады. Сонымен бірге олар дыбыстарды елемей және дыбыс алмастыруларды қолдануға бейім; сөздің жасалу орнына қарай дауыссыз дыбыстарының ұқсастығымен сипатталатын сөздің жалпы көрінісін біріздендіру; фонетикалық өзгергіштік; сөйлеудің фонетикалық жағының озбырлығы; артикуляцияның ана тілінің дыбыстарымен байланысы.

Басқа топтың балалары тілді түсінудің аналитикалық тактикасын қолданады және «дыбыс» түріне жатады. Олар сөздің ырғақтық құрылымына немқұрайлы қарайды, дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аударады және буын тізбегін кеңейтпей, «...дыбыстар артикуляциясының белгілі бір дәлдігіне жеткенше» сөзді бөліктерге бөлінгендей меңгереді (С. Н. Цейтлин, 2000). Сонымен қатар, олар сөз дыбыстарын бұрыннан үйренген дыбыстармен ауыстыруға мүмкіндік береді. Балалар фонемаларға назар аударады, сөздегі бір немесе бірнеше дыбыстарды қабылдайды, бұл олар үшін тұтас сөздің өкілі сияқты.

Балалардың сөйлеу тілі олардың ақыл-ой дамуының, когнитивтік процестерінің және әлеуметтік байланыстарының маңызды аспектісі болып табылады. Сөздің дыбыстық-буындық дамуы балалардың қоршаған әлемді қабылдауы мен өз ойын жеткізу қабілеттеріне тікелей әсер етеді. Бұл процесс біртіндеп, нақты кезеңдер бойынша жүзеге асады. Сөздің дыбыстық-буындық дамуын тереңірек зерттеу балалардың тілдік қабілеттерін қалыптастырудың негізін түсінуге мүмкіндік береді.

1. Туылғаннан бастап алғашқы кезеңдер (0-1 жас)

Сөйлеу қабілетінің дамуы жаңа туған сәбиге тіл мен дыбыстарды қабылдау арқылы басталады. Бала дүниеге келгенде дауысты дыбыстар мен шуларды айқын қабылдайды, бұл оның болашақтағы тілін қалыптастыру үшін маңызды кезең. Алғашқы айларда балада нақты сөздер мен сөйлемдер пайда болмайды, бірақ бұл кезеңде бала өзінің алғашқы коммуникация түрлерін дамытады:

Жылау және қыңқылдау: Бала алғашқы айларда жылап, қыңқылдап, көңіл-күйін білдіреді. Бұл – бала өзінің қоршаған ортаға реакциясын білдіретін алғашқы дыбыстары.

Күлімдеу: Бұл кезде бала анасының немесе басқа адамдардың даусын таниды, олармен байланысты қалыптастыру үшін күлімсіреуді және дыбыстарды қолданып, жауап береді.

2. Алғашқы буындар (1-2 жас)

1-2 жас аралығында балалардың алғашқы сөздері пайда болады. Бала әлі де қарапайым дауысты дыбыстар мен буындарды қолдана отырып, бірінші сөздер мен дауыстарды шығарады. Мұнда дауысты дыбыстар мен жеңіл дауыссыз дыбыстардың қосындысынан пайда болатын алғашқы буындар маңызды рөл атқарады. Бала әртүрлі дыбыстарды айта бастайды, бірақ олар бір буыннан немесе екі буыннан тұрады.

Буындардың қалыптасуы: Балалар алғашқы буындарында көбінесе дауысты дыбыстарды қолданады (мысалы, "ма-ма", "па-па"). Алғашқы сөздер осы дыбыстардың тіркесімі арқылы қалыптасады. Бұл кезеңде бала сөйлеу процесін түсінуді және басқа адамдардың сөздерін қабылдауды бастайды.

Қарапайым сөздер: Балалар қарапайым екі буынды сөздерді айта бастайды, мысалы "суу", "қала", "құтты". Осылайша, сөздің дыбыстық құрылымы, яғни буындар мен олардың үйлесімдері қалыптаса бастайды.

3. Буындық құрылымның күрделенуі (2-3 жас)

2-3 жас аралығында бала сөйлеу қабілеттерін одан әрі дамытуда. Бұл кезеңде бала қарапайым сөздермен қатар, біршама күрделі сөздер мен екі буынды сөздерді айта алады. Сондай-ақ, ол сөйлемдердегі буындардың құрылымын түсініп, кейбір дыбыстарды дұрыс айтуға тырысады.

Сөздік қордың кеңеюі: Бала осы кезеңде қоршаған әлемнің жаңа заттарын, адамдарды, әрекеттерді атап айтуға қабілетті болады. Көп буынды сөздер пайда болады. Мысалы, "мама" орнына "мамама", "ата" орнына "атата" сияқты сөздер айтыла бастайды.

Буындардың қиындауы: Балалар екі және үш буынды сөздермен жұмыс істей бастайды. Әрине, бұл кезеңде кейбір қиындықтар болуы мүмкін, әсіресе ұзын сөздер мен көп буындарды дұрыс айтуға қатысты.

4. Толық сөйлемдер мен дыбыстың дұрыс айтылуы (3-4 жас)

3-4 жас аралығында бала толық сөйлемдер құра бастайды, сөздердің дұрыс айтылуы мен грамматикалық құрылымы жақсарады. Бұл кезеңде баланың дыбыстық-буындық құрылымында тағы да өзгерістер болады. Ол буындар мен дыбыстарды ғана емес, грамматикалық құрылымды да меңгеруде.

Толық сөйлемдер: Бала бұл кезеңде сөздер мен сөз тіркестерін байланыстыра отырып, сөйлемдер айта алады. Мысалы, "Мен сені жақсы көремін", "Менің қуыршағым бар" сияқты толыққанды сөйлемдер пайда болады.

Дыбыстарды дұрыс айту: Балалар дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айта бастағанымен, кейбір дыбыстарды айтуда қателіктер болуы мүмкін. Мысалы, "с" дыбысын "ш" деп немесе "р" дыбысын "л" деп айтуы мүмкін.

5. Фонологиялық және морфологиялық даму (4-5 жас)

4-5 жас кезеңі балалар үшін дыбыстарды дұрыс айту мен сөйлемдер құрастырудың маңызды кезеңі болып табылады. Бұл кезде бала фонологиялық дамуында айтарлықтай жетістіктерге жетеді.

Фонологиялық даму: Бала әртүрлі фонемаларды (дыбыстарды) анық ажыратып, дұрыс айта бастайды. Сонымен қатар, оның сөздердегі дыбыстарды дұрыс орналастыру қабілеті де қалыптасады. Мысалы, бала "көр" деген сөзді дұрыс айта бастайды, бірақ "төрт" сөзін әлі де қате айтып, "төрт" деп айтуы мүмкін.

Морфологиялық даму: Бала сөздердегі морфемалар мен грамматикалық құрылымдарды түсініп, дұрыс қолдана бастайды. Мысалы, ол "жүрген" сөзін "жүр" деп дұрыс айта бастайды, осы арқылы сөздің өзгермелі түрлерін түсіне бастайды.

Жыл өткен сайын сөйлеу қабілетінің бұзылуы бар балалардың саны артып келеді, мұндай бұзылу жүйелі сипатқа ие. Сөйлеудің жалпы дамымауы кезінде сөйлеу тұтастай жүйе ретінде зардап шегеді, оның барлық компоненттері бұзылады: фонетико-фонематикалық жағы, лексика, грамматикалық құрылым, сөздің буындық құрылымы. «Сөздің буындық құрылымы» деген ұғымда сөздегі буындардың өзара орналасуы мен байланысы түсініледі. Буын құрылымының бұзылуы – логопедтерде жиі кездесетін бұзылыс. Буын құрылымын қалыптастыру сөйлеудің

грамматикалық құрылымын меңгеруге, дыбыстық талдауды, жазуды және оқуды үйренуге әсер етеді. Сөздің буын құрылымын түзету бойынша көптеген әдістемелер бар, бірақ әлі күнге дейін авторларға біртұтас әмбебап әдістеме жасау мүмкін болмады. Сөздің буындық құрылымын зерттеу және оны қалыптастыру балалармен логопедиялық жұмыстың маңызды және күрделі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл жұмысты жүзеге асыру барысында сөздің буындық құрылымы онтогенез барысында қалай дамитынын ескеру қажет. Сонымен қатар, сөздің буындық құрамының түрлі бұзылу түрлеріне және олардың негізіндегі себептерге назар аудару маңызды. Көптеген авторлар сөздің буындық құрылымын қалыптастыруда маңызы бар процесс ретінде тілден тыс процестерді атап өтеді, олар: оптикалық-кеңістіктік бағдарлау, қозғалыстар мен әрекеттердің темпо-ырғақтық ұйымдастырылуы, ақпаратты сериялық түрде өңдеу қабілеті. Алайда, әртүрлі сөйлеу бұзылысы бар балалардағы дыбыстық-буындық құрылымның бұзылу механизмдері әлі жеткілікті зерттелмеген. Сөйлеу дамуы жалпы кешігуі бар балаларда сөздің буындық құрылымын қалыптастыру үшін дәстүрлі әдістер мен тәсілдерді жетілдіру, сондай-ақ ғылыми тұрғыдан негізделген тиімді жолдарды іздеу қажеттілігі айқын. Көптеген авторлардың пікірінше, буындық құрылымды меңгерудің негізгі кезеңі – бала сөйлеуінің алғашқы кезеңі. Бұл жаста бала дыбыстарды әртүрлі интонациямен, дауыстап және ұзақтығымен айтады. Бұл кезең буын құрамын меңгеруде басты рөл атқарады. Кейін бала сөздердегі басым буындарды қайталауды үйренеді, жақын тұрған буындарды қосады. Осыдан кейін бала сөздің контурын қайталауға тырысады және бірте-бірте сөздің барлық құрылымын айта алатын мүмкіндік пайда болады. Бұл бағыттағы қалыптасу 3 жасқа қарай аяқталады. Осы жастағы балалар құрылымы әртүрлі күрделі сөздерді айтуға қабілетті болады.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Анықтаушы эксперименттің мақсаты - сөйлеу тілі жалпы дамымаған IV деңгейдегі бастауыш сынып (2-сынып) оқушыларының сөздің дыбыстық-буындық құрамын түсіну ерекшеліктерін анықтау.

Анықтаушы эксперименттің міндеттері:

1) сөйлеу тілі жалпы дамымаған IV деңгейдегі бастауыш сынып оқушыларының сөздердің дыбыстық-буындық құрылымдарын дұрыс айту деңгейін анықтау.

2) оқушылардың дыбыстарды дұрыс айта білу дағдыларын, сонымен қатар буындарды дұрыс бөлу және дұрыс айту қабілетін зерттеу.

3) Оқушылардың сөздің буындық құрылымын түсіну және оны қолдану дағдыларын зерттеу.

Зерттеу жүргізу үшін 2-сынып оқушылары арасынан 30 бала таңдап алынды. Бұл балалар логопедиялық тексеруден өткен және сөйлеу тілі дамуының IV деңгейі бойынша медициналық-педагогикалық қорытындысы бар балалар. Зерттеу барысында балалардың дыбыстық-буындық құрамды қалай қабылдайтыны, сөздің әртүрлі дыбыстарын қалай айтуы және буындарды дұрыс бөле алу қабілеті тексерілді. Зерттеу әдістері:

Әңгімелесу: Оқушылармен жеке әңгімелесулер арқылы олардың сөздерді дұрыс айту дағдылары анықталды.

Құрал-жабдықтар: Әрбір тапсырма үшін қажетті материалдар: карточкалар, суреттер, сөздер тізімі және дыбыстық үлгілер.

Математикалық статистикалық талдау: Эксперименттің нәтижелері математикалық тәсілдермен талданды.

Анықтаушы эксперимент үш кезеңнен тұрды:

1. Дайындық кезеңі – зерттеу әдістемелерін таңдаудан және балалардың дыбыстық-буындық құрылымдарын дұрыс айту деңгейін анықтау мақсатында зерттеу тапсырмаларын дайындаудан тұрады.

2. Негізгі кезең – балаларды іріктеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу.

3. Қорытынды кезең – эксперимент нәтижелерін талдап, қорытынды жасау.

Анықтаушы зерттеудің тапсырмаларын алғанда біз балалардың жас ерекшеліктері қағидасына, сөйлеу тілі мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз

қорының қалпын, қазақ тіліндегі жалғаулардың күрделілігін ескеріп, тапсырмалар тобын жинақтадық.

Зерттеуді жүргізу әдістемесін әзірлеу барысында сөздің буындық құрылымын зерттеу саласындағы белгілі ғалымдардың еңбектері талданды: А.К. Маркова, Г.В. Бабина, Н.Ю. Сафонкина, О.Е. Громова, Г.Н. Соломатина, З.Е. Агранович, Е.Ф. Архипова және басқалар. Тапсырманы ресейлік ғалым А.К. Маркованың әдістемелерін негізге ала отырып жасадық.

Зерттеу нәтижелері және талдаулар

Тапсырма 1: Сөздерді буынға бөлу

Нұсқау: Берілген сөздерді буынға бөліңіз. Әр сөзді дұрыс буынға бөліп айту керек.

Сөздер:

1. Жазу
2. Кітап
3. Қарындаш
4. Ағаш
5. Үй

Тапсырма 2: Дыбыстық құрылымды анықтау

Нұсқау: Әр сөзді тыңдап, сөздің дыбыстарын анықтаңыз. Бұл тапсырмада әр сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды айырып айту қажет.

Сөздер:

1. Жазу
2. Кітап
3. Қарындаш
4. Ағаш
5. Үй

Тапсырма 3: Сөзді дыбыстарға бөлу

Нұсқау: Әр сөзді дыбыстарға бөліңіз. Мысалы, "Жазу" сөзінде 4 дыбыс бар: [ж] [а] [з] [у].

Сөздер:


1. Күн
2. Үй
3. Құстар
4. Тау
5. Жеңіл

Бағалау критерийлері:

- 3 балл – қателіксіз орындау, бірақ баяу немесе шамалы қателіктер болуы мүмкін.
- 2 балл – сөздердің бөлінуі мен құрылымында қателіктер болуы мүмкін.
- 1 балл – көптеген қателіктер

Қорытынды

Сонымен, Баланың сөздің дыбыстық-буындық дамуы оның когнитивтік және әлеуметтік дамуына үлкен әсер етеді. Тілдің дұрыс дамуы баланың қоршаған ортаға бейімделуіне, өзін-өзі білдіру қабілетіне, ойлау процесінің тереңдігіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл кезеңде бала дұрыс сөйлеуді үйреніп, өзінің эмоционалдық және интеллектуалдық қажеттіліктерін тіл арқылы жеткізе алатын болады. Сөздің дыбыстық-буындық дамуы баланың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік қарым-қатынасында маңызды орын алады. Дұрыс дамыған тіл қабілеті баланың өзіндік танымын қалыптастырып, қоғамда бейімделуіне ықпал етеді. Осылайша, бала тілінің дамуына назар аудару, оны дұрыс тәрбиелеу әрқашан маңызды.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Логопедия: учебник для студ. дефектол. фак. пед. высш. учеб. Лб9 заведений / под ред. Л. Волковой. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2006. – 703 с.: ил. – (Коррекционная педагогика).
2. Агранович, З.Е. Логопедическая работа по преодолению нарушений слоговой структуры слова у детей / З.Е. Агранович. – СПб.: Детство Пресс, 2009. – 48 с.
3. Агранович, З.Е. Методика обследования состояния звуко-слоговой структуры слова у детей / З.Е. Агранович // 2015. – № 7. – С. 33–39.
4. Артемова, Е.Э. Нейропсихологический аспект изучения нарушений звуковой и слоговой структуры слова / Е.Э. Артемова, О.В. Григорьева // Universum: психология и образование: электрон. научн. журн. – 2016. – № 10 (28).
5. Бабина, Г.В. Структурно-слоговая организация речи дошкольников: онтогенез и дизонтогенез / Г.В. Бабина, Н.Ю. Шарипова. – М.: Прометей, 2013. – 191 с.
6. Бабина, Г.В. Слоговая структура слова: обследование и формирование у детей с недоразвитием речи // Логопедические технологии: учебно-методическое пособие / Г.В. Бабина, Н.Ю. Шарипова. – Москва, 2010. Сер. Специальная коррекционная педагогика.
7. Быховская, А.М. Количественный мониторинг общего и речевого развития детей с ОНР / А.М. Быховская, Н.А. Казова. – М.: Детство Пресс, 2013. – 32 с. 80
8. Вдовина, И.А. Особенности воспроизведения слоговой структуры слова детьми с ОНР / И.А. Вдовина // Логопед: науч.-метод. журн. – 2012. – № 2. – С. 11–14.
9. Винарская, Е.Н. Возрастная фонетика / Е.Н. Винарская, Г.М. Богомазов. – М.: АСТ: Астрель, 2005. – 207 с.
10. Земцова, Е.С. Особенности слоговой структуры слова у детей с общим недоразвитием речи / Е.С. Земцова, Е.В. Хмелькова // Наука и социум: Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Ответственный редактор Е.Л. Сорокина. – 2018. – С. 42–45.

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ
ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

УДК 376.42
МРНТИ 14.29.21

DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.008

Шубаева Г.С.¹, Байдосова Д.К.²
¹к.м.н., ассоциир.профессор galiya.shub@gmail.com
²м.п.н., старший преподаватель dkdina@mail.ru

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ ГИГИЕНИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО
ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА**

Аннотация

В статье отмечается, что одной из актуальных проблем педагогики в настоящее время является поиск эффективных и оптимальных путей повышения знаний и соответствующих навыков учащихся о здравоохранении, его уходе. Это связано с тем, что состояние здоровья молодого поколения из года в год ухудшается.

Этот вопрос требует особого внимания, особенно в области коррекционной педагогики, поскольку всем нам известно, что дети с ограниченными возможностями здоровья не могут самостоятельно познавать составляющие окружающего мира, в том числе ситуации, связанные со здоровьем, и это важная предпосылка приобщения ребенка с ограниченными возможностями знаний и умений к самостоятельной личной жизни.

В специальной педагогике проведен ряд работ, изучавших процесс обучения детей с особыми образовательными потребностями охране здоровья. Разработана программа, технология организации работы коррекционно-развивающего обучения в дошкольных образовательных учреждениях, школе по теме здоровья. Раскрыты особенности представлений детей о здоровом образе жизни, разработана технология формирования такого понятия, определена модель взаимоотношений между субъектами воспитательно-образовательного процесса.

Ключевые слова: здоровье, беседа, интеллектуальное нарушение, школьный возраст, дети, гигиена, определение.

Г.С. Шубаева¹, Д.К. Байдосова²
¹м.ғ.к., қаумд профессор galiya.shub@gmail.com
²п.ғ.м., аға оқытушы dkdina@mail.ru

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезде педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі денсаулық сақтау, оның күтімі жайлы оқушылардың білімі мен соған сәйкес дағдыларын жоғарылатудың тиімді және оңтайлы жолдарын іздестіру болып табыладығы айтылады. Бұл жас буынның денсаулық жағдайының жылдан-жылға нашарлап бара жатқандығына байланысты.

Бұл мәселе, әсіресе, түзету педагогикасы саласында ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені зият кемістігі бар балалардың өз бетінше қоршаған әлемнің құрамдас бөліктерін, соның

ішінде денсаулыққа қатысты жағдайларды танып, тәжірибе жинақтай алмауына, ал бұл білім мен дағдылардың мүмкіншілігі шектеулі баланың өзіндік жеке өмірге қосылуының маңызды алғышарты екендігі барлығымызға мәлім. Арнайы педагогикада білім берудегі ерекше қажеттілігі бар балаларға денсаулық сақтауға үйрету үрдісін зерттеген бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте денсаулық тақырыбы бойынша түзете-дамыта оқыту жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы, технологиясы жасап шығарылған. Зият аутқуы бар балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің ерекшеліктері ашылып, сондай ұғым қалыптастырудың технологиясы жасалды, тәрбиелеу-білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас моделі анықталды.

Түйінді сөздер: денсаулық, әңгімелесу, зият зақымдалған, мектеп жасындағы, балалар, гигиена, анықтау.

Shubayeva Galiya¹, Baidosova Dinara²

¹PhD (Medical Sciences), Associate Professor, galiya.shub@gmail.com

²Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences dkdina@mail.ru

DETERMINATION OF HYGIENE SKILLS OF CHILDREN OF PRIMARY SCHOOL AGE WITH INTELLECTUAL DISABILITY

Abstract

The article notes that one of the current urgent problems of pedagogy is the search for effective and optimal ways to improve students' knowledge and relevant skills about healthcare and its care. This is due to the fact that the health status of the younger generation is deteriorating from year to year.

This issue requires special attention, especially in the field of correctional pedagogy, since we all know that children with disabilities cannot independently learn about the components of the world around them, including health-related situations, and this is an important prerequisite for introducing a child with disabilities to knowledge and skills to an independent personal life.

A number of studies have been conducted in special pedagogy that have studied the process of teaching children with special educational needs to protect their health. A program and technology for organizing correctional and developmental education in preschool educational institutions and schools on the topic of health have been developed. The features of children's ideas about a healthy lifestyle are revealed, a technology for the formation of such a concept is developed, and a model of the relationship between the subjects of the educational process is defined.

Keywords: health, conversation, intellectual disability, school age, children, hygiene, definition.

Өзектілігі

Қазіргі кезде педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі денсаулық сақтау, оның күтімі жайлы оқушылардың білімі мен соған сәйкес дағдыларын жоғарылатудың тиімді және оңтайлы жолдарын іздестіру болып табылады, бұл жас буынның денсаулық жағдайының жылдан-жылға нашарлап бара жатқандығына байланысты.

Бұл мәселе, әсіресе, түзету педагогикасы саласында ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені зият кемістігі бар балалардың өз бетінше қоршаған әлемнің құрамдас бөліктерін, соның ішінде денсаулыққа қатысты жағдайларды танып, тәжірибе жинақтай алмауына, ал бұл білім мен дағдылардың мүмкіншілігі шектеулі баланың өзіндік жеке өмірге қосылуының маңызды алғышарты екендігі барлығымызға мәлім.

Арнайы педагогикада білім берудегі ерекше қажеттілігі бар балаларға денсаулық сақтауға үйрету үрдісін зерттеген бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте денсаулық тақырыбы бойынша түзете-дамыта оқыту жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы, технологиясы жасап шығарылған. Зият аутқуы бар балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің ерекшеліктері ашылып, сондай ұғым қалыптастырудың технологиясы жасалды, тәрбиелеу-білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас моделі

анықталды. Арнайы (түзетуші) мектеп оқушыларына қатысты, яғни зият кемістігі бар оқушыларды жаратылыстану және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында оқыту мәселесіне орай зерттеулерінде олардың тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, алғашқы көмек көрсету тарапындағы дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны көрсетілген.

Осы мәселенің теориялық және практикалық жағынан шешілуі қажеттігін, осы салада өткізілген ғылыми зерттеулердің өмірге кеңінен енгізіліп, пайдаланылуы қажеттігін түсіне отырып, біз зерттеуімізді осы тақырыпқа арнадық.

Материалдар мен әдістері:

Зерттеудің алдында біз келесі мәселелерді қорғауға шығардық:

- арнайы білім беру мекемесі оқушыларының салауатты өмір салты жайлы, денсаулығын нығайтудағы өзінің жеке басының рөлі туралы білімінің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз.

- зият кемістігі бар балаларды салауатты өмір салтына және санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйретуді жетілдіру үшін педагогтың мектеп дәрігерімен және тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста біріге отырып жұмыс істеуі маңызды болып табылады.

Бастапқыда біз осы мәселе айналасындағы әдебиетке, ғылыми зерттеулерге шолу, талдау жасадық. Онда көптеген тың шешімдер ұсынылып, нақты ұсыныстар мен нұсқауларды таптық, алайда олардың арнайы білім беру мекемелерінде күнделікті жұмыс барысында қолданылуы әлі де шектеулі екендігін, кең қолданыс таппағандығын байқадық.

Арнайы білім беру мекемесінің бастауыш сынып оқушыларының жеке бас тазалығы дағдыларын меңгеру деңгейін зерттеу әдістемесі

Жоғарыда жасаған тұжырымымызды дәлелдеу үшін зерттеуіміздің екінші кезеңінде арнайы білім беру мекемесі оқушыларының денсаулық, жеке бас тазалығын сақтау, өзіне санитарлық-гигиеналық күтім жасау жайлы білімдері мен дағдыларының жағдайын (санитарлық-гигиеналық дағдылар негізінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерін) тексердік.

Зерттеу Алматы қаласындағы даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған № 7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты базасында ұйымдастырылды, оған 4-сыныптың 22 оқушысы қатысты. Балалардың барлығының негізгі диагнозы, яғни зият деңгейіне қарай, бірдей болды: F70 – жеңіл ақыл-ой кемістігі. Балалардың басым бөлігі – 60% III денсаулық тобына жатқызылған, ал қалғандары (40%) II денсаулық тобына жатқызылған. Бұл әдебиетте кездесетін мәліметтерге сәйкес келеді, III денсаулық тобына компенсация сатысындағы, яғни организмнің функционалдық мүмкіндіктері сақталған, созылмалы ауруы бар балалар жатқызылатыны белгілі [66]. Қазіргі кезде орта мектеп оқушыларының арасында II денсаулық тобы басым болып отыр, ал арнайы білім беру мекемесі оқушыларында қосымша патология жиі кездесетіндігі белгілі.

Оқушылардың неврологиялық диагноздарына тоқталсақ, 22 баланың ішінде 13 оқушыда гипертензиялық-гидроцефалдық синдром, 4 балада микроцефалия және 5 балада астено-невроздық синдром анықталған. Психикалық тараптағы өзгерістеріне сипаттама берсек, бір балада зейін тапшылығы синдромы мен гиперактивтілік; бір балада ұйқы бұзылыстары мен психопатия тәрізді синдром анықталған.

Соматикалық аурулары бойынша 14 бала, яғни басым бөлігі созылмалы ауруларына байланысты диспансерлік есепте тұр. Соның ішінде 9 балада созылмалы тонзиллит, 3 балада созылмалы пиелонефрит, 2 балада созылмалы аденоидит диагнозы қойылған. Сонымен қатар 3 балада сколиоз, 1 балада гидронефроз диагноздары анықталған. Туа біткен ақыл-ой кемістігі бар балаларға полиоргандық патологияның тән екендігі, яғни организмнің бір емес бірнеше жүйесі тарапынан түрлі туа біткен ақаулар болатындығы белгілі. Біз қарастырған балаларда да осындай дененің әртүрлі мүшелеріндегі даму кемістіктері немесе созылмалы ауруларға бейімділік байқалды. Зерттеуге қатысқан оқушылардың арасында 10 оқушы жиі ауыратын балаларға жатқызылды, өйткені жылына 4 реттен артық жедел респираторлы инфекциялармен ауырады. Балалардың осындай медициналық диагноздарына ерекше тоқталған себебіміз, олардың өз басында болған дерттер денсаулыққа деген, оны нығайту үшін салауатты өмір салтын ұстану қажет екендігін түсінуі үшін күшті ынталандырушы фактор болып табылады. Сондай-ақ мұндай мүмкіндіктері шектеулі балаларға денсаулық туралы білім мен дағдылардың қажеттілігі аса

жоғары екендігін көрсетеді. Туа біткен кемістіктермен балалар өмір бойы қалатындықтан, жылдар өткен сайын денсаулығын одан әрі нашарлатып алмай, үнемі біреудің көмегіне жалтақтамай, қолынан келетін күтім дағдыларын өз бетімен пайдалана білудің маңызы өте зор.

Осы зерттеуге қатыстырылған арнайы білім беру мекемесінің оқушылары салауатты өмір салты, өзіне-өзі күтім жасау жайлы қосымша сабақтарға қатысты, сонда олардың бастапқы және соңғы біліміне баға берілді.

Оқушылардың білім деңгейін зерттеу және бағалау барысында біз оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес 4-сыныпта балалар меңгеруі тиіс білім және дағдылар көлемін ескердік. Диагностика кезінде біз кеңінен танымал әдістеме бойынша әңгімелесу сұрақтарын құрас-тырдық.

Оқушылардағы санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы әңгімелесуді біз екіге бөлдік: №1 және №2 әңгімелесу.

№1 әңгімелесудің мақсаты оқушылардың денсаулыққа күтім жасау туралы білім деңгейін және соған қатысты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау болды.

№2 әңгімелесудің мақсатын «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары туралы оқушылардың білім деңгейін анықтау деп алдық.

Оқушылардағы санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы әңгімелесу

№1 әңгімелесу

Мақсаты: оқушылардың денсаулыққа күтім жасау туралы білім деңгейін және соған қатысты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау

1. «Ауа-райына қарай киіну» дегенді қалай түсінесің?
2. Не үшін адамдар ауа-райына сәйкес киінуі керек?
3. Сен өзің ауа-райына сәйкес киінесің бе? Жауабыңды түсіндір.
4. «Күн тәртібі» дегеніміз не?
5. Күн тәртібін не үшін сақтау қажет?
6. Сен күні бойы не істейтініңді айтып берші, ал демалыс күндерінде ше? Өз күн тәртібіңді құрастыр.
7. Адам ағзасына қандай азық-түліктер пайдалы, ал қандайлары зиянды екенін білесің бе?
8. Сен күніне неше рет тамақтанасың?
9. Сен азық-түлікті қалай сатып алатыныңды айтып және көрсетіп бер.
10. Таңертеңгі дене шынықтыру не үшін қажет?
11. Таңертеңгі дене шынықтыруды орындау ережелері туралы айтып бер.
12. Сен таңертеңгі дене шынықтыруды жасайсың ба?
13. Оны қалай жасайтыныңды көрсет.
14. Адам ағзасының ішкі мүшелерін ата.
15. Адамның дене мүшелерінің маңызы және өзара байланысы туралы айтып бер.
16. Сен қандай гигиеналық ережелерді білесің?
17. Тісті күніне неше рет тазалау қажет?
18. Қолды қай кезде және неліктен жуу керек?
19. Көздеріңе қандай күтім жасайсың?
20. Сен қаншалықты жиі шомылып тұрасың?
21. Сен басқа адамның тарағын, тіс щеткасын, бет орамалын қолданасың ба?

Бағалау критерийлері:

- дұрыс әрі толық жауап – 3 балл;
- дұрыс бірақ толық емес жауап – 2 балл;
- дұрыс емес жауап немесе мүлдем жауап бермеу – 1 балл.

Баллдар жиынтығы:

- 31-44 дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 26-30 толық емес дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 16-25 дұрыс емес білімге сәйкес келеді

Келесі сұрақтарға берілген жауаптар дағдылардың қалыптасуын, яғни білімнің іске асуын көрсетеді: 3, 6, 8, 9, 12, 13, 20, 21.

№2 әңгімелесу

Мақсаты: «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары туралы оқушылардың білім деңгейін анықтау.

1. Денсаулық дегеніміз не?
2. Адам өзінің денсаулығына қалай күтім жасай алады?
3. Сен өз денсаулығыңды қалай күтесің? Денсаулықты неліктен сақтау қажет?
4. Денсаулықты сақтау және нығайту ережелерін сен қайдан біле аласың?
5. «Салауатты өмір салты» дегеніміз не?
6. Салауатты өмір салтының ережелерін ата.
7. Сенің денсаулығыңа кім күтім, қамқорлық жасауы керек?

Бағалау критерийлері:

- дұрыс әрі толық жауап – 3 балл;
- дұрыс бірақ толық емес жауап – 2 балл;
- дұрыс емес жауап немесе мүлдем жауап бермеу – 1 балл.

Баллдар жиынтығы:

- 19-21 дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 11-18 толық емес дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 7-10 дұрыс емес білімге сәйкес келеді

«№1 әңгімелесу» тамақтану, қимыл-қозғалыс белсенділігі, гигиена ережелері жайлы білім деңгейін, сонымен қатар денсаулыққа қатысты жалпыға мәлім түсініктер мен ұғымдарды түсіну деңгейін, соған сәйкес дағдылардың қаншалықты қалыптасқанын зерттеуге бағытталған бірнеше топқа топтастырылған сұрақтардан тұрды.

Оқушылардың мұндай сұрақтарға жауап беруін біздің талдау себебіміз, олардың үнемі ересек адамдардан денсаулықты сақтаудың ережелерін орындау туралы талаптарды естиді, ал оның барлығын балалар қаншалықты ұғынып, оларды орындай алатындығы бізді қызықтырды. Мысалы, «ауа райына сәйкес киіну», «күн тәртібін сақтау» сияқты түсініктерді ұғыну дәрежесін байқадық. Оқушылардың білім деңгейін бағалауда біз оқу бағдарламасына сәйкес олардың меңгеруі қажет білім мен дағдылар көлемін ескеріп отырдық.

«№2 әңгімелесу» оқушылардың нақты «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары жайлы білім деңгейін анықтауға арналған сұрақтардан құралды. Мұндай білім оқушылардың кейінгі оқу кезеңдерінде алатын денсаулық саласындағы білімдерінің түп негізі болып табылады. Оларды түсінбесе, қалған білімі шашыраңқы, жүйесіз болып қалады. Сондықтан да зият кемістігі бар балалардың осы ұғымдармен қаншалықты таныс екендігін, қалай түсінетіндерін анықтау маңызды деп есептедік.

Осы өткізілген зерттеуде жоғарыда айтылған тақырыптарға қатысты мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтауда біз педагог А.В. Румянцева құрастырып, ұсынған критерийлерді пайдаландық және оларды біздің зерттеуіміздің мақсатына сәйкес бейімдедік.

Білім және әрекет дағдыларының қалыптасу деңгейін оқушылардың тапсырмаларды дұрыс орындауына қарай жинаған баллдарының жиынтығы бойынша анықтадық. Орындалған тапсырмаларды мазмұндық және әрекеттік жағынан бағалау критерийлері:

- салыстырмалы жоғары деңгей (3 балл) – оқушы барлық тиісті белгілерді (құрамдас бөліктерді) көрсетіп, маңызды өзара байланыстарды ашады; білімі дұрыс әрекеттерге әкеледі;
- орташа деңгей (2 балл) – оқушы маңызды белгілердің (құрамдас бөліктердің) тек бір бөлігін ғана ашады, олардың арасындағы өзара байланысты көрсетуде қиналады, білімі ішінара дұрыс әрекеттерге жетектейді;

• төмен деңгей (1 балл) – оқушы маңызды белгілерді (құрамдас бөліктерді) аша алмайды, немесе ауыстырып көрсетеді, білімі дұрыс әрекеттер тудырмайды немесе бұрыс әрекеттерге жетектейді.

Бұл кезеңдегі зерттеу әр баламен жеке дара өткізілді; балалардың барлық пікірі тіркеліп, қажет болған жағдайда ұйымдастырушы көмек көрсетілді.

4-сынып оқушыларының орташа жасы 10-12 жас болды, бұл жас кезеңінде зият кемістігі бар балалардың алған білімін ұғыну деңгейі артып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілеті жоғарылайды және арнайы білім беру нәтижесіндегі оң динамика ұлғая түседі. Сондықтан 4-сыныптағы оқыту үрдісі зият кемістігі бар балалардың біртұтас түсініктер мен ұғымдар қалыптастыруға, соның негізінде сәйкес дағдыларды бекітуге өте қолайлы да оңтайлы кезең болып табылады.

2.3 Зерттеу эксперименттің өткізу, нәтижелерін талдау

№1 әңгімелесу нәтижесі бойынша, бірінші топтама сұрақтарына берілген жауаптарда 9 бала ғана «ауа райына сәйкес киіну» түсінігін жартылай ашты. Олардың жауаптары толық болмады, яғни тек бір белгіге негізделді («қыста жылы киіну керек»), «жазда тонмен емес, жейдемен жүру керек»), 3 оқушы бұл сұрақтарға жауап беруге қиналатынын айтты. Осы ережені қалай сақтайтыны туралы сұраққа 20 бала ауа райына сәйкес киінемін деген жауап берді.

Күн тәртібіне қатысты сұрақтар топтамасына берілген жауаптарды талдай келе мынандай нәтиже байқалды: 18 оқушы алмастыру негізінде жауап берді («күн тәртібі дегеніміз – бұл дүйсенбі, сейсенбі және т.с.с.», («күн тәртібі – бұл таңертең, түс, кеш»), 9 оқушы толық емес жауап берді («бұл түн болғанда ұйықтау қажет екендігі», «күн тәртібін сақтағанда тамақ ішу керек, ұйқтауға жату керек»).

«Күн тәртібін не үшін сақтау керек?» деген сауалға 20 бала жауап бере алды. Соның ішінде барлығы дерлік «өзіңе жақсы болу үшін» деген жалпылама жауап айтты. Оқушылар өзінің күн тәртібін сипаттау барысында суреттерге сүйене отырып, оқу күндерін дұрыс сипаттаса, демалыс күндерін сипаттауға келгенде қиналды.

Келесі сұрақтар топтамасы дұрыс тамақтануға қатысты болды. Нәтижелерге келсек, 10 оқушы пайдалы және зиянды тағам түрлерін атады, ал қалған 12 оқушы тек пайдалы өнімдерді ғана атап өтті. Зиянды тағамдық өнімдердің ішінде «чипсы», «майлы тамақ», «піспеген тамақ» деген жауаптар кездесті, ал пайдалы тағамдардың ішінде көкөністер мен жеміс-жидектер аталды, мұндай бір-екі тамақты ғана атаған жауаптарды біз дұрыс, бірақ толық емес деп бағаладық. Әңгімелесу көрсеткендей, үйде болған кезде балалардың барлығы дерлік тамақтану тәртібін бұзатындығы анықталды. Сондай-ақ дүкенге бару импровизациясын өткізу барысында балалардың денсаулыққа жағымсыз өнімдерді көп таңдайтыны көңіл аударды (тәтті, газды сусындар, түрлі жасанды қоспалар қосылатын өнімдер – чипсы, «кириешки», жылдам тамақтану өнімдері – «fast food» және т.б.).

Қозғалыс белсенділігіне қатысты сұрақтарға жауап беру кезінде мынандай нәтиже алынды: барлық балалар таңертеңгілік гимнастика жаттығуларын орындайтынын және оның не үшін қажет екендігін айтып, түсіндіре алды, бірақ жаттығулардың түрлері мен ретін 15 оқушы ғана көрсете білді.

Адам денесінің құрылысы туралы сұрақтарға жауап бергенде 11 оқушы дұрыс әрі толық жауап берді, 10 бала толық емес, ал 4 бала жауап бере алмады. Негізгі дене мүшелерінің қызметін 12 оқушы түсіндірді, ал қалған 10 оқушы бір-екі мүшенің не үшін қажет екендігін айта алды.

Қандай гигиеналық ережелерді білетіні жайлы сұраққа 5 оқушы да «қол жуу керек» деген жауап берді. Толық жауап бере алмау оқушылармен сөздік қорын арттыру бағытында жұмыс жүргізу керектігін көрсетті. Тісті күніне 2 рет тазалау керек екендігін 17 оқушы айтты, қалған 5 бала «күнде тазалау керек» деген жауап берді. Шомылу туралы сұраққа барлық балалар аптасына 1 рет шомылып тұрамыз деген жауап берді.

Басқа адамның тарағын, тіс щеткасын, бет орамалын пайдалануға болмайтынын барлық оқушы айтты, бірақ кейде ата-анасының тарағын қолданатынын 8 оқушы айтты.

Жалпы алғанда, №1 әңгімелесу барысында алынған нәтижелер бойынша оқушылардың денсаулыққа байланысты жалпыға мәлім түсініктердің өзін толық түсінбеуі, оны тілмен айтып

жеткізу деңгейі жеткіліксіз екендігі, денсаулыққа күтім жасау ережелерін сақтаудың маңыздылығын ұғыну деңгейінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ оларды орындау дағдыларын қалыптастыруда қосымша жұмыс жүргізуді талап ететіндігі анықталды.

№2 әңгімелесу сауалдарына берілген жауаптарға келсек, «денсаулық» ұғымының маңызы туралы сұраққа кейбір оқушылар «денсаулық денсаулық үшін қажет» деп жауап берді, бұл денсаулықтың өмір үшін аса маңызды екенін түсінбейтінін көрсетті. Денсаулыққа күтім жасаудың қарапайым түрлері жайлы олар «тамақтану», «ұйықтау», «қол жуу» қажет деді. Кейбір оқушылар «денсаулық деген жақсы», «ауырмау үшін қажет» деген жауаптар берді. Ал кейбір оқушылар салыстырмалы толық жауап берді: «денсаулық – бұл күш, қуаныш», «адам ауырмаған кез», «спортпен шұғылдану», «организм мықты болғанда». Оқушылардың денсаулыққа қалай күтім жасау керектігі жайлы түсінігі тар, бірбеткей екендігі байқалды. Көбінесе балалар денсаулық күтімінің 1-2 тәсілін ғана атады, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты көрсеткен жоқ: «спортпен шұғылдану», «емделу, дәрі ішу», «жақсы киіну», «суық су ішпеу», «қатты жүгірмеу», «темекі тартпау», «күн тәртібін сақтау», «өз-өзіңе қарау», «жеміс-жидек жеу», «инемең дәрі салу».

Денсаулық жайлы білім көзі ретінде оқушылар кітаптарды, теледидарды, дәрігерлерді және мұғалімдерді айтты. Ересектер оқушылардан денсаулықты сақтауға бағытталған ережелерді орындауды талап ететіндігі, бірақ оның не үшін керек екендігіне, неге олай болатындығына аса мән бермейтіндігі анықталды. Оқушылардың өз тарапынан және үлкен адамдар тарапынан денсаулығын күту әрекеттері қандай болу керектігі туралы дұрыс емес пікір қалыптасқа. Мысалы, олар ересектердің бала денсаулығына күтімі «мейірімділікке», «дәрі іш деп айтуға», «далаға барып таза ауа жұт деп айтуға», «ақыл үйретуге» сайып келеді.

Салауатты өмір салты туралы тек бірен-саран оқушы ғана естігендігі, бірақ бұл сөз тіркесінің нақты мағынасын ешбір оқушы білмейтіндігі анықталды. Бұл «дұрыс өмір сүру», «жақсы тамақтану», «адамның денешынықтыру жасауы» деген жауаптар тіркелді.

Әңгімелесу нәтижесінде денсаулық пен салауатты өмір салты жайлы оқушылардың белгілі бір көлемдегі білімі ата-аналардың, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және дәрігердің үнемі айта-тын үйретуі, қойылатын талаптары түрінде көрініс алатындығы туралы түйін жасауға болады. Бұл талаптарды оқушылардың орындау ынтасының қалыптасуына септігін тигізбейді, әсіресе ересектер тарапынан қадағалау әлсіреген уақытта. Мысалы оқушылардың барлығы денені тік ұстау керектігін біледі, бірақ басым көпшілігі орындықта дұрыс отырмайды, қисайып жүреді және т.с.с.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, денсаулық тақырыбына өз басында созылмалы ауруы бар балалардың қызығушылығы мен түсініктерінің қалыптасу деңгейінің салыстырмалы жоғары екендігі анықталды. Оқушылар денсаулықтың өмірдегі маңызын және оны сақтаудағы өзінің рөлін толық ұғынбаған. Сол себепті оқыту кезінде берілген әр түсініктің мазмұны мен мағынасын толық ашып, әр оқушының жеке дара өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып үйреткен материалдың қажеттілігін көрсетіп отыру керек. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін мұғалімнің айтқанын меңгеруге танымдық ынталану, қызығушылық тудыру керек.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде арнайы білім беру мекемесі оқушыларының денсаулық жайлы білімін кеңейтіп, дағдыларын бекіту қажеттігі, ал салауатты өмір салты туралы түсінігін қалыптастыру қажеттігі анықталды. Зерттеу оқушылардың өз денсаулығына деген өздерінің жауапкершілігін арттырып, сапасын жақсартуға бағытталған қосымша жұмыс өткізу қажеттілігін дәлелдеді.


Тапсырмаларды орындау бойынша нәтижелер 2-кестеде берілген. Кестеден көріп отырғанымыздай, денсаулыққа, денесіне күтім жасау, санитарлық-гигиеналық дағдылар бойынша №1 әңгімелесу нәтижелеріне қарап, зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың бесеуі ғана салыстырмалы жоғары деңгей көрсетті. Сол сияқты балалардың үшеуі ғана денсаулық және салауатты өмір салты туралы біртұтас түсініктері салыстырмалы жоғары дәрежеде болатындай нәтиже көрсетті, 8 баланың бұл саладағы білімі мен дағдылары орташа және 11 балада төменболды, мұны біз кестедегі №2 әңгімелесу нәтижелерінен байқай аламыз (1-сурет және 2-сурет).

Оқыту үрдісі – жүйелі білім қалыптастырудың қуатты күші. Салауатты өмір салтын ұстануға балаларды үйрету үшін тек міндетті пәндердің сабақтары жеткіліксіз екені көрініп тұр. Ол үшін сонымен қатар қосымша сабақтан тыс және мектептен тыс өткізілетін жан-жақты шаралар қажет. Ондай шаралар мектептерде әртүрлі жиілікпен өткізіледі, ал оқыту тиімділігін арттыру үшін әртүрлі мамандардың өзара тығыз байланыста жұмылып қызмет етуін қамтамасыз ету қажет. Оқушыларда тұрақты қажеттілік пен қызығушылық қалыптаспағандығы, ал білімнің негізінен формальды түрде қабылданатыны, сондықтан қажетті дағдыларға сирек ұласатыны байқалып отыр. Осы туралы Л.В.Баль былай деп жазады: "Қазіргі мектепте бала салауатты өмір салты туралы білім алатын, өмірге қажетті дағдыларға үйренетін бірқатар оқу пәндері бар. Бірақ баланың шынайы өмірінен алшақ, формальды түрде болғандықтан оларды оқушының өзі аз қолданады. Білу – бұл әлі әрдайым пайдалану емес».


Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың басым көпшілігінде денсаулықты бағалау, ол туралы жаңа білім алуға деген оң ынталанудың төмен екендігі байқалды. Салауатты өмір салты негіздерінің, санитарлық-гигиеналық дағдыларының мазмұндық және әрекеттік деңгейлерін салыстыру кезінде зият кемістігі бар балалардың денсаулық туралы біртұтас ұғымын қалыптастырып, дағдыларын бекіту үшін арнайы педагогикалық жағдай жасау қажетті анықталды. Барлық арнайы білім беру мекемелерінде денсаулық мәселесіне арналған тақырыптық шаралар өткізіледі, соның ішінде маман-дәрігерлердің дәрістері, сынып сағаттары, денсаулық күндері мен апталықтары. Алайда мұндай шаралар мезімді түрде емес, араға көп уақыт салып өткізіледі. Мысалы, оқушылардың зиянды әдеттерге әуестенуіне жол бермеу үшін тоқсанына бір рет «Салауатты өмір салтын сақтау» тақырыбындағы сынып сағаттары жүргізіледі. Бұл зият кемістігі бар балалар үшін жеткіліксіз деп санаймыз.

2-кесте. Арнайы білім беру мекемесінің 4-сынып оқушыларында санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейі

№1 әңгімелесу нәтижелері бойынша		
Деңгейі	Баллдар жиынтығы	Оқушылар саны
Салыстырмалы жоғары	31-44	5
Орташа	26-30	9
Төмен	16-25	8
№2 әңгімелесу нәтижелері бойынша		
Деңгейі	Баллдар жиынтығы	Оқушылар саны
Салыстырмалы жоғары	19-21	3
Орташа	11-18	8
Төмен	7-10	11



DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.010

Ибатова Г. Б.¹, Жұбатхан А. Г.², Джумабаева Г. Б.³

¹ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, Phd, ibatova_igb@mail.ru

²7М01902-Арнайы педагогика: Логопедия мамандығының 2 курс магистранты,
aigerim.zhubatkhan@vk.com

³мектепке дейінгі тәрбие және дефектология кафедрасының ассистенті
Әжинияз атындағы Нөкіс мәмлекеттік педагогикалық институты
Өзбекстан^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМУМАҒАН ІІІ ДЕНГЕЙДЕГІ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Аңдатпа

Мақалада сөзшығармашылық дағдыларының қалыптасу ерекшеліктері, олардың сөйлеу және танымдық қабілеттеріне әсері талданады. Сөйлеу тілі жалпы дамуымаған (СТЖД) ІІІ деңгейдегі балалардың сөзшығармашылық дағдыларының дамуы қарастырылады. Логопедиялық қолдау мен арнайы түзету жұмыстарының маңызы ашылып, тиімді әдістемелік тәсілдер сипатталады.

Баланың ішкі әлемі, балалық шақтың ерекшелігі – біздің өміріміздегі көптеген өзекті мәселелерді шешуге кілт бола алады. Баланың сөзшығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті шексіз, алайда олардың жүзден бір бөлігі ғана қолданылуда десе болады. Бұл әлеуетті ашу және оны жүзеге асыру – өте күрделі міндет. Баланың тұлғасын тәрбиелеудегі мақсат – адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен ойлай алатын, белсенді, бастамашыл тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

А.М. Шахнарович, Н.М. Юрьева, Е.Е. Кравцова, Т.Н. Ушакова, К.И. Чуковский, К.Д. Ушинский, С.Н. Цейтлин және т.б. сияқты ғалымдар балалар сөзшығармашылығы туралы зерттеулер жүргізіп, уақытылы дамыған бала сөйлеу тіліндегі сөзшығармашылық дағдысы алдағы уақытта сөзжасам дағдысының еш қиындықсыз дамуына әсер етеді.

Кілт сөздер: сөзшығармашылық, сөйлеу тілінің жалпы дамуы, сөзжасам, сөзөзгерту, мектеп жасына дейінгі балалар.

Ибатова Г. Б.¹, Жұбатхан А. Г.², Джумабаева Г. Б.³

¹Научный руководитель, старший преподаватель, PhD ibatova_igb@mail.ru

²Магистрант 2 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Логопедия
aigerim.zhubatkhan@vk.com

³ассистент-преподаватель кафедры дошкольного воспитания и дефектологии
Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза
Узбекистан

^{1, 2} КазНПУ имени Абая., г. Алматы, Казахстан

ВЫЯВЛЕНИЕ ОСОБЕННОСТЕЙ НАВЫКОВ СЛОВОТВОРЧЕСТВА У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ (ОНР) ІІІ УРОВНЯ.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности формирования навыков словотворчества, их влияние на речевые и интеллектуальные возможности. Анализируется развитие навыков словотворчества у детей с общим недоразвитием речи (ОНР) ІІІ уровня. Раскрывается роль логопедической поддержки и специальных коррекционных работ, описываются эффективные методические подходы.

Внутренний мир ребенка, особенности детства могут стать ключом к решению многих актуальных вопросов в нашей жизни. Творческий и интеллектуальный потенциал ребенка безграничен, однако используется лишь малая его часть. Раскрытие и реализация этого потенциала – чрезвычайно сложная задача. Цель воспитания личности ребенка – формирование нравственно развитой, творчески мыслящей, активной и инициативной личности.

Ученые, такие как А.М. Шахнарович, Н.М. Юрьева, Е.Е. Кравцова, Т.Н. Ушакова, К.И. Чуковский, К.Д. Ушинский, С.Н. Цейтлин и другие, проводили исследования, посвященные детскому словотворчеству. Они отмечали, что своевременно развитый навык словотворчества в речи ребенка способствует беспрепятственному развитию его словообразовательных способностей в дальнейшем.

Ключевые слова: словотворчество, общее недоразвитие речи, словообразование, словоизменение, дошкольники.

Ibatova G.B.¹, Zhubatkhan A. G.² Dzhumabaeva G.B.³

¹Scientific supervisor, senior lecturer, PhD ibatova_igb@mail.ru

*²1st year master's student in specialty 7M01902–Special pedagogy:Speech therapy
aigerim.zhubatkhan@vk.com*

*³assistant teacher of the department of preschool education and defectology
Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz
Uzbekistan*

^{1, 2} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

IDENTIFICATION OF THE CHARACTERISTICS OF WORD CREATIVITY SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN WITH GENERAL SPEECH UNDERDEVELOPMENT (GSU) LEVEL III.

Abstract

The article covers the features of word creativity skills formation and their influence on speech and intellectual functions. It addresses the formation of word creativity skills in children with General Speech Underdevelopment (GSU) Level III. The contribution of speech therapy support and professional correctional work is revealed, and effective methodological means are described.

The inner world of a child and the strangeness of childhood can be the key to solving most of the pressing issues in our lives. The intellectual and creative potential of a child is limitless, but only a small fraction of it is actualized. Actualization and realization of this potential is a very complex process. The goal of upbringing a child's personality is to create a morally responsible, creatively thinking, active, and initiative individual.

Scientists such as A. M. Shakhnarovich, N. M. Yuryeva, E. E. Kravtsova, T. N. Ushakova, K. I. Chukovsky, K. D. Ushinsky, S. N. Tseitlin, and others have conducted research on children's word creativity. They stated that a mature skill of word creativity in a child's speech at a preliminary stage results in the spontaneous development of word creation skills later.

Keywords: general speech underdevelopment, word modification, word formation, preschool children, word creativity.

Кіріспе

Балалар сөзшығармашылығын дамыту мәселесі маңызды болып табылады. Баланың ішкі әлемі, балалық шақтың ерекшелігі – біздің өміріміздегі көптеген өзекті мәселелерді шешуге кілт бола алады. Баланың сөзшығармашылық және интеллектуалдық әлеуеті шексіз, алайда олардың жүзден бір бөлігі ғана қолданылуда десе болады. Бұл әлеуетті ашу және оны жүзеге асыру – өте күрделі міндет. Баланың тұлғасын тәрбиелеудегі мақсат – адамгершілігі жоғары, шығармашылықпен ойлай алатын, белсенді, бастамашыл тұлғаны қалыптастыру.

Бұл мақсатқа жету үшін балалардың сөзшығармашылық қабілеттерін, белсенділігін және дербестігін дамыту маңызды рөл атқарады. Өнер туындыларымен танысу балалар сөзшығармашылығын дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

С.Н. Цейтлиннің пікірінше, баланың сөз жасау қажеттілігі ең алдымен қоғамдық қолданыстағы сөзді білмегендіктен немесе тілде бір сөзбен аталмайтын мазмұнды көрсету үшін туындайды. Сөйлеу тәжірибесінің жетіспеушілігі жағдайында сөз жасау баланың әрбір тілдік даму кезеңінде коммуникативтік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді [17].

Балалар сөзшығармашылығының табиғаты өзгеше. Педагогикада бұл мәселені екі түрлі тәсілмен қарастыру орын алған: кейбір жағдайларда сөзшығармашылық тек баланың ішкі, өзіндік күші ретінде қарастырылса, басқа жағдайларда оның өмірден, өнерден келіп туындайтынына назар аударылады. Сондықтан балалар сөзшығармашылығын дамыту үшін қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау маңызды.

Ғалымдар осы мәселеде қабілеттер мен оларды дамытуға қажетті жағдайлардың бірдей маңызды екенін мойындағанымен, бұл көпқырлы мәселе әлі толық зерттелмеген. Өнер туындыларын жасау – бұрын көрген, естіген тәжірибені жинақтау, негізгісін таңдау және оны шығармашылық қиял арқылы өңдеу, жаңа нысанды құруды талап етеді.

Қиял шығармашылықпен тығыз байланысты. Қиялды зерттеуге көптеген кеңес және шетел ғалымдарының еңбектері арналған. Қиялдың дамуына сөздің маңызды рөл атқаратыны белгілі. Сөз балаға нақты заттың әсерінен тыс ойлануға мүмкіндік береді, оның көз алдында көрмеген заттарды елестетіп, олар туралы ойлануына жол ашады. Сөз арқылы бала нақты әсерлердің шегінен шығып, жаңа әлемді таниды.

Сөз бен қиялдың өзара ықпалы біржақты емес: қиял да сөздің жақсы меңгерілуіне әсер етеді. Мұның жарқын мысалы – балалардың сөз шығармашылығы.

Сөзшығармашылық арқылы бала сөздер мен сөйлемдерді қолданып эксперимент жасап, өзгертіп, жаңа нәрсе ойлап табуға тырысады, яғни өзінше шығармашылықпен айналысады. Бұл оған өз мүмкіндіктерін тереңірек тануға және жаңа біліммен байытылуға мүмкіндік береді. Сөздік шығармашылық баланың ойлауын дамытып, оны логикалы әрі бейнелі етеді. Шығармашылық процесінен алған қуаныш пен қанағаттану бұл әрекетті тартымды етеді. [4]

Психолог Т.Н. Ушакова балалардың сөзшығармашылығын зерттеуде үлкен үлес қосты және балалар жаңа сөздерді жасау барысында үш негізгі принципті бөліп көрсетеді:

- Сөз «сынықтары» принципі – баланың қандай да бір сөздің бір бөлігін бүтін сөз ретінде қолдануы. Бұл жағдайда бала сөзді бөліп алып, оны дербес сөз ретінде қолданады.
- «Бөтен» жалғаулар принципі – балалар белгілі бір сөздің түбіріне басқа сөзге тән жалғауларды қосады. Осылайша, олар сөздерді өздерінің ойынша өзгертеді.
- «Синтетикалық» сөздер принципі – балалар екі түрлі сөзді біріктіріп, жаңа сөз құрастырады. Бұл тәсіл баланың шығармашылық қиялының бір көрінісі болып табылады. [15]

Т.Н. Ушакованың бұл тұжырымдамалары балалардың тілдік қабілеттерінің дамуын түсінуге және олардың сөзшығармашылығын тереңірек зерттеуге ықпал етеді.

А. М. Шахнарович пен Н. М. Юрьева зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, мұндай ерекше сөздердің пайда болуының себебі – сөзжасам шекараларын дұрыс сақтамау. Балалар тілді меңгеруде аналогияларға сүйенуге тырысады, алайда кей жағдайларда олар дұрыс емес морфемаларды (өнімсіз) дұрыс (өнімді, жиі қолданылатын) морфемалармен алмастырып жібереді. Бұл ретте авторлардың пікірінше, балалардың осы әрекеттері, нәтижесінде жаңа сөздер қалыптасқан кезде, олардың сөзжасамдық жүйелік ережелерді меңгеруге дайын екенін көрсетеді. [19]

Бұл үдерістегі басты механизм – сөйлеу үлгілерін қалыптастыру. Балалар көбінесе ең көп меңгерген етістік формаларының, зат есімдердің септелуі, сын есімдердің салыстыру дәрежелерінің өзгеруі секілді үлгілерді кеңінен пайдаланады. Жаңа сөз жасау үшін үлгі немесе шаблон қазіргі сәтте берілуі мүмкін немесе бұрын меңгерілген болуы ықтимал, бірақ ол әрқашан болады.

Басқаша айтқанда, балалардың жаңа сөздер жасауы көбінесе олардың тілдік ортада бұрыннан қалыптасқан грамматикалық үлгілерді қолдануына негізделеді, бұл олардың сөйлеу қабілетінің дамуының бір бөлігі болып табылады.

Сөзшығармашылық кезеңі баланың өмірінің үшінші-төртінші жылдары басталып, бес-алты жасқа қарай аяқталады, яғни осы кезде бала ана тілінің ережелері мен нормаларын негізінен меңгеріп, сөздерді қалыпты түрде қолдана алады. [13]

А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша, «баланың ересек тілін біртіндеп меңгеруі, негізінде, оны меншіктеу емес, оны өздігінен құрастыру болып табылады». Белсенді сөз жасау процесі баланың шығармашылық тұлға екенін, дамыған қиялы мен тілінің даму қабілетін көрсетеді, бірақ бұл қабілет әр балада бола бермейді.

Бұл соңғы жылдары, әсіресе балалардың тілдік дамуының кешеуілдеу тенденциялары байқала бастаған кезде, айқын көрініс табады. Қазіргі таңда Чуковский кезіндегі сияқты балалардың сөздермен еркін ойнауы сирек кездесетін құбылыс. Логопедтер көбіне сөзшығармашылық қабілеті жетіспейтін балалармен жұмыс істейді. Бұл балалар көбінесе тіл дамуының жалпы тежелуіне ұшыраған, лексикалық-грамматикалық құрылымды түзетуге мұқтаж. Мұндай балалар грамматикалық өзгерістерді ұзақ уақыт байқамайды, оларға тек сөздің лексикалық негізі ғана маңызды. «сөз тудырушы және сөз өзгертуші жұрнақтар баланың үшін өзгертін орта болып табылады, нақты мағынасы жоқ, физиологиялық тұрғыдан әлсіз сөздік тітіркендіргішті білдіреді, оны балалар қабылдамайды», – деп жазады Н.С. Жукова өз еңбегінде.[7]

О. С. Ушакованың пікірінше, «поэтикалық есту әдеби шығармаларды қабылдауды және сөздік шығармашылықты байланыстырады. Оның дамуы балаға алған дағдылары мен білімдерін тәуелсіз қызметте – сөздік шығармашылықта пайдалануға көмектеседі. Бұл қызметте бала тірі сөзді іс-әрекетте көреді, сөзді контексте сезініп, түсінуге үйренеді» [12, б.43]. О.С. Ушакова «поэтикалық естуді, көркем сөздің экспрессивті құралдарын сезіне білу, жанрларды ажырата білу, олардың ерекшеліктерін түсіну және көркем форма компоненттерінің әдеби шығарманың мазмұнымен байланысын түсіну қабілеті ретінде анықтайды» [12, б.44]. Ол поэтикалық есті дамыту үшін шығармашылық тапсырмаларды орындауды ұсынады: салыстырмаларды, эпитеттерді ойлап табу, синонимдер мен антонимдер таңдау, берілген сөзге рифмалар жасау.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлемдердің синтаксистік құрылымы күрделеніп, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдердің саны артады. Дегенмен, балалардың басым бөлігінде бұл дағдылар тұрақсыз болып келеді. Балалар өз әңгімелерінде фактілерді сұрыптап, оларды логикалық реттілікпен орналастыруда, сөйлемдерін құрылымдауда және тілдік безендіруде қиындық көреді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, шығармашылық әңгіменің негізі шығармашылық қиялға сүйенеді. Л.С.Выготский, К.Н. Корнилов, С.Л. Рубинштейн және А.В.Запорожец сынды ғалымдар шығармашылық қиялды баланың өмірлік тәжірибесімен тығыз байланыстағы күрделі психикалық процесс ретінде қарастырады. Шығармашылық қиял мектеп жасына дейінгі балаларда ең икемді әрі педагогикалық әсерлерге оңай бейімделеді.

Сөзшығармашылық (О. С. Ушаковтың түсіндірме сөздігі бойынша) – жаңа сөздер жасау процесі. Дегенмен, тәжірибелік педагогикада бұл термин кең мағынаға ие: сөзшығармашылықты тек жаңа сөздер құру ғана емес, сонымен қатар алынған тәжірибеге негізделген өзіндік ой қалыптастыру процесі деп атайды.[11]

Балалар сөзшығармашылығы – бұл онтогенез барысында сөйлеудің дамуы кезінде пайда болатын ерекше әрі заңды құбылыс. Сөзшығармашылықтың нәтижесі болып дериват – белгілі бір сөзжасам үлгісіне сай жасалған жаңа сөз саналады. Мұндай сөздер кейде тіл нормаларына сай келсе, кейде олардан ауытқып, «ерекше комбинация» немесе «сөзжасамдық инновация» ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, мұндай құбылысты «сөзшығармашылық неологизм» деп те атайды.

Зерттеу жұмысын жүргізуге арналған материалдар мен әдістер

Анықтау экспериментін жүргізуде біз алдымызға осындай мақсат қойдық: Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалардың сөзшығармашылық дағдысының ерекшеліктерін анықтау.

Анықтау экспериментінің міндеттері:

1. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (III деңгей) балалардың сөзшығармашылық дағдысының қазіргі жағдайын анықтау.
2. Сөзшығармашылық дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтарды анықтау.
3. Балалардың сөзшығармашылық, сөзшеңдік және сөзқұрау әрекеттерінің ерекшеліктерін талдау.

Анықтаушы зерттеу барысында біз балалардың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілі дамуының деңгейін, олардың тапсырмаларды түсіну қабілетін және белсенді әрі енжар сөз қорының қалыптасу жағдайын ескере отырып, тапсырмаларды мұқият таңдадық. Мұндай тәсіл балалардың сөйлеу тілі мен сөзшығармашылық қабілеттерін неғұрлым дәл бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олардың сөздік қорын кеңейту және сөйлеу әрекетін белсендіру арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру мақсаты қойылды. Әрбір тапсырма балалардың тілдік және когнитивтік мүмкіндіктеріне сәйкес таңдалып, олардың сөйлеу белсенділігін ынталандыруға, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Шығармашылық тапсырмаларды таңдауда біз А.М. Шахнарович, К.И. Чуковский, О. С. Ушакова және К.Д. Ушинский сияқты Ресей ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйендік. Бұл ғалымдар баланың тілін дамыту мен сөзшығармашылық қабілеттерін қолдауда ерекше әдістемелік көзқарастар ұсынды. А.М. Шахнарович балалардың сөздік қорын байыту мен сөзшығармашылыққа қатысты құнды пікірлер айтқан. К.И. Чуковский, өз кезегінде, балаларға арналған әдеби шығармашылықтың маңызды аспектілеріне тоқталған, ал О. Ушакова мен К.Д. Ушинский бала тілінің дамуын түрлі психологиялық және педагогикалық тұрғыдан зерттеп, баланың шығармашылығын ынталандыру әдістерін әзірлеген. Осы зерттеулердің барлығы шығармашылық тапсырмаларды таңдауда бізге бағыт беріп, балалардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік жасады.

Тапсырма

«Аян достарымен орманға жидек жинауға барды»

Мақсаты - балаларды педагог ұсынған жоспар бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.

Нұсқау: Балаларға әңгіме тақырыбы мен сюжеті айтылғаннан кейін, логопед әңгіме құрылымымен таныстырып, балалардың назарын маңызды сәттерге, әңгіме барысындағы логикалық реттілікке, бөлімдер арасындағы байланысты орнатуға аударады. Бірінші кезеңде логопед жоспардың бір тармағын балалармен бірге талқылайды, ең жақсы нұсқалар таңдалып алынады. Содан кейін педагог балалардан әңгіме жоспарын қайталап айтуды сұрайды, содан соң балалар өз әңгімелерін құрастырады.

Бағалау критерийі:

- Жоғары деңгей (3 ұпай): Балалар әңгімесін толық, логикалық түрде құрастырады, әңгіме басталуы, дамуы және қорытындысы бар. Оқиғаның ағымы нақты, тұрақты байланыспен жалғасады. Балалар күрделі сөйлемдер мен сөз тіркестерін қолданады, грамматикалық қателер жоқ, сөйлемдер тілдік тұрғыдан бай және әртүрлі. Балалар әңгімеде ерекше идеялар мен шығармашылық шешімдер ұсынады, оқиға жаңа әрі қызықты болып келеді.

- Орташа деңгей (2 ұпай): Әңгіме белгілі бір құрылыммен жасалған, бірақ кейде байланыс үзіледі немесе логикалық құрылымда қателіктер болады. Қарапайым сөйлемдер қолданылады, бірақ кейде күрделі сөйлемдер пайда болады, кейбір грамматикалық қателер кездеседі. Балалар әңгімеде жанашылдық көрсетеді, бірақ кейбір элементтер стандартты болып қалады.

- Төмен деңгей (1 ұпай) : Әңгіме құрылымы түсініксіз, әр бөлігі арасындағы байланыс жоқ, оқиға толық аяқталмаған немесе түсініксіз. Балалар әңгімеде шығармашылық тұрғыдан әлсіз, оқиға бірқалыпты әрі қызықсыз. Тек қарапайым сөйлемдер мен сөздер қолданылған, грамматикалық қателіктер көп, сөйлемдер байланыссыз.

Осылайша анықтаушы экспериментте балалардың тапсырма орындау деңгейін критерийлер арқылы анықтадық. Эксперимент жүргізу барысында алынған тапсырмалардың әр қайсысынан алынған ұпайларды біріктіре отырып жалпы нәтижелерді бағалау критерийін жасадық.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Зерттеу экспериментінің нәтижелері көрсеткендей, сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі (СТЖД) мектеп жасына дейінгі балалардың сөзшығармашылық дағдысы әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Балалар тапсырмаларды орындау барысында белгілі қиындықтарға тап болғанымен, олардың сөзшендік және сөзшығармашылық дағдыларына байланысты динамиканы байқауға мүмкіндік туды.


Балалардың даму деңгейі бойынша қорытындылар:

- 3 ұпай алған балалар: Бұл топтағы балалар тапсырмаларды өз бетінше орындап, берілген сөздер мен суреттерді дұрыс қолданды. Олардың сөздік қоры салыстырмалы түрде бай, және олар өз ойын еркін жеткізе алды.

- 2 ұпай алған балалар: Орташа деңгейде жетістікке жеткен балаларға тапсырмаларды орындау кезінде көмек қажет болды, бірақ олар белгілі бір деңгейде тапсырмалардың мәнін түсініп, дұрыс орындады.

- 1 ұпай алған балалар: Төмен нәтиже көрсеткен балалар тапсырмаларды түсінуде және орындауда үлкен қиындықтарға тап болды.

Анықтаушы экспериментті жүргізу үшін біз осыған ұқсас тағы да үш тапсырманы балалар ерекшеліктеріне бейімдеп алып, балаларға ұсындық. Экспериментке 4 жастағы 30 мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған 3 деңгейдегі балалар қатысты. Балалардың арасында 9 бала жоғарғы деңгейді, 11 бала орташа деңгейді, 10 бала төмен деңгейді көрсетті. (сурет 1)



Сурет 1. Деңгей бойынша балалардың тапсырма орындауының қорытынды нәтижесі.

Нәтижелерді талдау

«Аян достарымен орманға жидек жинауға барды» тақырыбы бойынша жүргізілген тапсырма балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды қадам болды. Әңгіме құрылымы мен логикалық реттілікті сақтау арқылы балалар өз ойларын нақты әрі толық жеткізе алды.

Жоғары деңгейде балалар әңгімесін толық әрі логикалық түрде құрастырып, оқиға барысында тілдік байлық пен шығармашылық шешімдер ұсынды. Әңгімелердің құрылымында күрделі сөйлемдер мен грамматикалық дұрыс қолданылған сөз тіркестері айқын байқалды, бұл балалардың тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Орташа деңгейде әңгімелердің құрылымы белгілі бір ретпен жасалғанымен, кейде логикалық байланыс үзіліп немесе қателіктер орын алды. Бірақ балалар өздерінің әңгімесінде жаңашылдық көрсете отырып, кейбір стандартты элементтерді қолданғанына қарамастан, шығармашылық жұмыстарын орындады.

Төмен деңгейде балалардың әңгімелері толық аяқталмаған немесе түсініксіз болды. Оқиғаның құрылымы әлсіз, байланыс жоқ, тек қарапайым сөйлемдер мен сөздер қолданылды. Бұл деңгейде балалардың шығармашылық ойлау қабілеті әлі де дамытуды қажет етеді. Барлық деңгейлерде де балалардың шығармашылық қиялының дамуы мен тілдік дағдыларының қалыптасуына көңіл бөлінді. Бұл зерттеу нәтижелері сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөздік қорын және сөз жасаудағы сөзшығармашылық икемділігін арттыру үшін тиімді әдістемелерді қолдану қажеттілігін көрсетті.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған (СТЖД) III деңгейдегі балалардың сөзшығармашылық қабілеттерін дамыту – маңызды әрі кешенді жұмыс. Зерттеу барысында бұл балалардың сөйлеу жүйесінің қалыптасуында бірқатар ерекшеліктері бар екені анықталды. Олардың сөздік қоры шектеулі, сөйлем құрастыру дағдылары әлсіз, грамматикалық құрылымдарды меңгеруде қиындықтар туындайды. Сонымен қатар, фонетикалық және фонематикалық бұзылыстар сөздерді дұрыс айтуға және байланыстырып сөйлеуге кедергі келтіреді.

Қорытынды

Сөзшығармашылық – баланың сөйлеу белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамытудың негізгі жолдарының бірі. Бұл дағдыны қалыптастыру үшін сөздік қорды байыту, грамматикалық құрылымдарды меңгерту, сюжеттік-рольдік ойындар мен интерактивті әдістерді қолдану қажет. Сондай-ақ, сөзшығармашылықты дамытудың тиімді құралдары ретінде тақырыптық суреттер бойынша әңгіме құрастыру, музыкалық-ритмикалық жаттығулар және шығармашылық еркіндік беру әдістері ұсынылады. Логопедиялық қолдау мен арнайы түзету жұмыстары баланың сөйлеу тілі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Логопед, педагог, ата-аналар бірлесе отырып жұмыс істегенде ғана балалардың сөйлеу дағдыларының жетілуі қарқынды жүреді. Әсіресе, баланың күнделікті сөйлеу белсенділігін арттыру үшін отбасы ішінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дұрыс ұйымдастырылған түзету жұмыстары мен ойын түріндегі әдістерді қолдану арқылы балалардың сөздік қоры кеңейіп, сөзжасамдық және сөзөзгерту қабілеттері жетіле түседі. Бұл олардың мектепке дайындығын жақсартып, өз ойын еркін әрі толық жеткізе алуына мүмкіндік береді.

Осылайша, сөйлеу тілі жалпы дамымаған III деңгейдегі балалардың сөзшығармашылық қабілеттерін жетілдіру – олардың жалпы сөйлеу және когнитивтік дамуына оң әсерін тигізетін маңызды міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстарды логопедиялық тәжірибеде жүйелі түрде енгізу ұсынылады. Балалардың шығармашылық әлеуетін ашу мен жетілдіру ұзақ мерзімді әрі кешенді тәсілді талап етеді, сондықтан бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Коновалова С.Н. *Формирование предикативной лексики у дошкольников с общим недоразвитием речи: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03 / С.Н. Коновалова.* – М., 2007. – 234 с.
2. Филичева Т.Б. *Особенности словообразовательной и коммуникативной активности детей дошкольного возраста с нарушениями речи / Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова, Ю.Р. Гуцина // Современные проблемы науки и образования. 2014. №6 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.scienceeducation.ru/ru/article/view?id=15751>*
3. Четверикова Т.Ю. *Овладение глухими школьниками словообразованием на начальном этапе изучения грамматики: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03 / Т.Ю. Четверикова.* – М., 2004. – 26 с.
4. Глухов В.П. *Формирование связной речи детей дошкольного возраста с общим речевым недоразвитием.* М., 2002.

- 5.Родари Дж. Грамматика фантазии (Введение в искусство придумывания историй). М.,1978.
6. Ушакова О.С. Развитие поэтического слуха как средства формирования словесного творчества детей 6-7 лет // Художественное творчество детей в детском саду / под ред. Н.Ветлугиной. М., 1974.
- 7.Ушакова О. Развитие речи дошкольников. М., 2001.
8. Шибицкая А.Е. Словесное творчество детей 6-7 лет на материале русских народных сказок // Художественное творчество детей в детском саду / под ред. Н. Ветлугиной. М., 1974.
- 9.Ушакова Т.Н. Речь: Истоки и принципы развития – М., 2004. – 256 с.
- 10.Шахнарович М.А., Юрьева Н.М. Психолингвистический анализ семантики и грамматики (на материале онтогенеза) – М., 1990. – 168 с.
- 11.Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Лингвистика детской речи. – М., 2000. – 240 с.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Аутаева Ақбота Нұрсұлтанқызы – арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты, Ассоциация Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Байдосова Динара Қуанышқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Болатбек Ляззат Қ. – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы

Борисова Екатерина Сергеевна – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

Булабаева Сәуле Талғатқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы

Дәрменова Әсия Арстанбекқызы – 7м01908-Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің арнайы педагогика мамандығының 1 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Даукенова Гаухар Амандыкқызы – 7м01908-аутизм спектрі бұзылған балаларды сүйемелдеу мамандығының 1 курс магистранты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Жұмабаева Гүлбану Бердібайқызы – Мектепке дейінгі тәрбие және дефектология кафедрасының ассистент-оқытушысы Ажинияз атындағы Нукус мемлекеттік педагогикалық институты, Өзбекстан

Джумагулова Диана Тұрсынбекқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, логопед-дефектолог №114 КММ, Алматы қ., Қазақстан

Жақанбаева Бақытгүл Болатқалиқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, ҚазҰПУ аға оқытушысы

Жұбатхан Әйгерім Ғабидоллақызы – Абай атындағы ҚазҰПУ., 7м01902 – Арнайы педагогика мамандығы бойынша 2 курс магистранты: Логопедия, Алматы қ.

Ибатова Гаухар Біржанқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ., аға оқытушы, PhD Алматы қ.

Қалықбаева Алмагүл Жақанқызы – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

Кемешова Аккумис Мендигалиевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Рақымжанова Дияра Ә. – арнайы педагогика мамандығы бойынша 2 курс магистранты

Рсалдинова Ақмарал Құсайынқызы – п. г. к., Арнайы педагогика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Сатархан Құралай Әуезханқызы – Арнайы педагогика: "Логопедия" мамандығы бойынша 2 курс магистранты

Сейтқасым Ардақ Сапарбекқызы – арнайы педагогика мамандығының 2 курс студенті

Тілеубаева Жұлдыз Аллаберген қызы – Арнайы педагогика мамандығы бойынша 2 курс магистранты

Умарова Фатима Мансуровна – педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.

Шұбаева Ғалия Сабыржанқызы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, ғылым кандидаты

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Аутаева Акбота Нурсултановна – заведующая кафедрой специальной педагогики, кандидат психологических наук, ассоц.профессор КазНПУ имени Абая

Байдосова Динара Куанышевна – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Болатбек Ляззат Қ. – магистр педагогических наук, преподаватель Казахского Национального женского педагогического университета

Борисова Екатерина Сергеевна – магистр педагогических наук, преподаватель, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Булабаева Сауле Талгатовна – Магистр педагогических наук, старший преподаватель Казахского Национального женского педагогического университета

Дарменова Асия Арстанбековна – Магистрант 1 курса обучения специальности 7М01908 – специальная педагогика Казахского Национального педагогического университета имени Абая, Республика Казахстан, город Алматы

Даукенова Гаухар Амандыковна – Магистрант 1 курса обучения специальности 7М01908- Сопровождение детей с расстройством аутистического спектра, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Джумабаева Гулбану Бердибаевна – ассистент-преподаватель кафедры дошкольного воспитания и дефектологии Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза, Узбекистан

Джумагулова Диана Турсынбекқызы – магистр педагогических наук, логопед-дефектолог КГУ ОШ №114, г. Алматы, Казахстан

Жаканбаева Бахытгул Болаткалиевна – Магистр педагогических наук, старший преподаватель КазНПУ

Жұбатхан Айгерім Ғабидуллақызы – КазНПУ имени Абая., магистрант 2 курса по специальности 7М01902 – Специальная педагогика: Логопедия, г. Алматы

Ибатова Гаухар Биржановна – КазНПУ имени Абая., старший преподаватель, PhD г. Алматы

Калыкбаева Алмагул Жакановна – PhD, старший преподаватель, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Кемешова Аккумис Мендигалиевна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Рахимжанова Дияра Ә. – магистрант 2 курса по специальности специальная педагогика

Рсалдинова Акмарал Кусаиновна – к.п.н., кафедры Специальная педагогика, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Сатархан Куралай Әуезханқызы – Специальная педагогика: магистрант 2 курса по специальности «Логопедия»

Сейтқасым Ардак Сапарбековна – студент 2 курса специальности специальная педагогика

Тилеубаева Жұлдыз Аллаберген кызы – магистрант 2 курса по специальности специальная педагогика

Умарова Фатима Мансуровна – магистр педагогических наук, преподаватель, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы

Шубаева Галия Сабыржановна – Ассоциированный профессор Казахского Национального женского педагогического университета, кандидат наук

IFORMATION ABOUT THE AUTHORS

Autayeva Akbota Nursyltanovna – Head of the Department of Special Pedagogy, Candidate of Psychological Sciences, Assoc.Professor of KazNPU named after Abai

Baydosova Dinara Kuanyshevna – Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Bolatbek Lyazzat K. – Master of Pedagogical Sciences, lecturer at the Kazakh National Women's Pedagogical University

Borisova Ekaterina Sergeevna – Master of Pedagogical Sciences, Lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Bulabayeva Saule Talgatovna – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer at the Kazakh National Women's Pedagogical University

Darmenova Asiya Arstanbekovna – 1st year Master's student, specialty 7M01908 – Special pedagogy, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Republic of Kazakhstan

Daukenova Gauhar Amandakovna – 1st year Master's student, specialty 7M01908- Support for children with autism spectrum disorder, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Dzhumabaeva Gulbanu Berdibaevna – Assistant Lecturer at the Department of Preschool Education and Defectology, Azhiniyaz Nukus State Pedagogical Institute, Uzbekistan

Dzhumagulova Diana Tursynbekkyzy – Master of Pedagogical Sciences, speech therapist and defectologist, KSU OSH No. 114, Almaty, Kazakhstan

Zhakanbayeva Bakhytgul Bolatkalievna – Master of Pedagogical Sciences, Senior lecturer at KazNPU

Zhubatkhan Aigerim Gabidullakzy – KazNPU named after Abai, 2nd year master's student in specialty 7M01902 – Special pedagogy: Speech therapy, Almaty

Ibatova Gaukhar Birzhanovna – KazNPU named after Abai, senior lecturer, PhD, Almaty

Kalykbaeva Almagul Zhakanovna – PhD, Senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Kemeshova Accumis Mendigaliyevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Rakhimzhanova Diyara A. – 2nd year Master's student specializing in special pedagogy

Rsaldinova Akmaral Kusainovna – PhD, Department of Special Pedagogy, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Satarkhan Kuralai Auezkhankyzy – Special Pedagogy: 2nd year Master's student specializing in Speech Therapy

Seytkasym Ardak Saparbekovna – is a 2nd year student specializing in special pedagogy

Tileubaeva Zhuldyz Allabergen kyzy- 2nd year Master's degree in special pedagogy

Umarova Fatima Mansurovna – Master of Pedagogical Sciences, lecturer, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

Shubayeva Galiya Sabyrzhanovna – Associate Professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University, Candidate of Sciences

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Абай атындағы Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясының ғылыми журналына арнайы және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізетін университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының профессорлық-оқытушылар құрамы, докторанттары, магистранттары және ғылыми қызметкерлерінің, сондай-ақ шетелдік профессорлардың мақалалары жарияланады.

Мақала құрылымы (мақаланы рәсімдеу үшін сайттағы ҮЛГІ-ні қолданыңыз):

Бірінші бет:

- Бірінші жол – FTAMA нөмірі, ƏOЖ, теңестіру – сол жақ жиек бойынша, қаріп – жартылай қалың.

- Мақала атауы (Тақырып) мақаланың мәні мен мазмұнын көрсете отырып, оқырман назарын аударуы қажет. Атауы қысқа, ақпараттық болуы және жаргон немесе қысқартулар болмауы керек. Тақырыптың онтайлы ұзындығы - 5-9. Мақаланың атауы орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде ұсынылуы тиіс. Мақала атауы жартылай қалың қаріппен кіші әріптермен, теңестіру – ортасында беріледі.

- Мақала авторы(лары) – Аты-жөні, жұмыс орны (үлестес), қала, ел, email-орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде. Авторлар туралы мәліметтер жай қаріппен кіші әріптермен, теңестірілуі – ортасында күйінде ұсынылады.

- Аңдатпа орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде көлемі 150 сөзден кем емес.

- Түйінді сөздер/сөз тіркестері – саны 3-5 сөзден орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде.

Мақаланың құрылымы:

1. Кіріспе
2. Зерттеу материалдары мен әдістері
3. Нәтижелер және талдау жасау
4. Қорытынды, тұжырым
5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Авторларға қойылатын талаптар:

Редакциялық алқа журналдың ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды. Мақаланы тек журнал сайтының функционалдығы арқылы (Open Journal System) электронды форматта жүктеу ұсынылады (doc .docx, .RTF форматында).

Шрифт кегелі – 12 (аңдатпа, кілттік сөз, әдебиеттер – 10, кесте мәтіні – 10), шрифт - Times New Roman, теңестіру - мәтіннің ені бойынша, интервал – бір, абзац шегінісі – 1 см, жиегі: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол және оң – 2 см.

Суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б. нөмірленуі мен атауы көрсетіле отырып тікелей мәтінде ұсынылады (мысалы, Сурет. 1 - сурет атауы). Суреттер, кестелер, графиктер және диаграммалар саны мақаланың барлық көлемінің 20% - ынан аспауы тиіс.

Мақаланың көлемі (атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаларды, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді есепке алмағанда) 3000 сөзден кем болмауы және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар үшін 5 000 сөзден аспауы тиіс.

Мақаланы жариялау үшін төлем тәртібі мен төлемақысын автор сыртқы рецензенттер мен ғылыми редактор мақұлдағаннан кейін жүргізіледі.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Хабаршы-хабаршы» сериясы шығарылымының орындалуын бақылау бас редакторға жүктеледі, мақаланың мазмұнына авторлар жауапты.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ

В научном журнале «ВЕСТНИК» серии «Специальная педагогика» могут быть опубликованы статьи докторантов, магистрантов и научных сотрудников ВУЗов и НИИ, ведущих исследования по специальному и инклюзивному образованию, а также зарубежных профессоров.

Структура статьи (для оформления статьи используйте ШАБЛОН с сайта):

- Первая строка – номер УДК, МРНТИ, выравнивание – по левому краю, шрифт – полужирный. МРНТИ определяется на сайте www.grnti.ru.

- Название статьи (Заголовок) должно отражать суть и содержание статьи и привлекать внимание читателя. Оптимальная длина заголовка – 5-9 слов. Название статьи должно быть представлено на русском, казахском и английском языках. Название статьи представляется полужирным шрифтом строчными буквами, выравнивание – по центру.

- Автор(ы) статьи – с указанием имени и фамилии, ученой степени, ученого звания, занимаемой должности, места работы, город, страна, контактный телефон, email – на русском, казахском и английском языках. Сведения об авторах представляются обычным шрифтом строчными буквами, выравнивание – по центру.

- Аннотация объемом 150-300 слов на русском, казахском и английском языках, должна давать краткое и ясное описание проблемы, цели, методов и основных результатов проведенного исследования.

- Ключевые слова/словосочетания – количеством 3-5 на русском, казахском и английском языках.

Структура статьи

1. Введение.
2. Материалы и методы исследования
3. Результаты исследования и их обсуждение
4. Заключение и выводы
5. Список используемой литературы

Требование для авторов:

Редакционная коллегия принимает ранее неопубликованные статьи по научным направлениям журнала. Статья представляется в электронном формате (в форматах .doc, .docx, .rtf) ТОЛЬКО посредством ее загрузки через функционал сайта журнала (Open Journal System).

Кегль шрифта – 12 (аннотация, ключевые слова, литература - 10, текст таблиц – 10), шрифт – Times New Roman, выравнивание – по ширине текста, интервал – одинарный, абзацный отступ – 1 см, поля: верхнее и нижнее – 2 см, левое и правое – 2 см. Рисунки, таблицы, графики, диаграммы и др. представляются непосредственно в тексте с указанием нумерации и заглавия (Например, Рис. 1 – Название рисунка). Количество рисунков, таблиц, графиков и диаграмм не должно превышать 20% от всего объема статьи. Каждый рисунок, график, таблица сопровождаются указанием источника (Источник: stat.gov.kz или Источник: составлено автором). Формулы и символы выполняются в формате Microsoft Equation и Microsoft Word, нумеруются, в тексте даются ссылки на них. Объем статьи (без учета названия, сведений об авторах, аннотации, ключевых слов, библиографического списка) должен составлять не менее 3 000 слов и не превышать 5 000 слов.

Порядок оплаты и стоимость за публикацию статьи производится автором после одобрения внешними рецензентами и научным редактором.

Контроль за исполнением выпуска серии «Хабаршы-Вестник» КазНПУ им. Абая возлагается на главного редактора, ответственность за содержание статьи несут авторы.